


Біз тарихтан өзімізге және
еліміздің одан әрі дамуына
қажетті тағылым ала білуге
тиіспіз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



САНАҚТАН
ӨТУ – ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІК!

4

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 29 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
948 144

II компонентпен
862 223

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.09.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

01.10.2021

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 10 м/с**

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №118 (6094) 30 қыркүйек, бейсенбі, 2021 жыл.

ЕРТЕҢ – ҚАРТТАР КҮНІ

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...



«Қарттар – қала қазынасы» дейміз. Ол рас. Бүгінде қалалық әкімдік пен аудан әкімдіктерінің жанында арнайы құрылған ардагерлер кеңесі жұмыс істейтіні бәрімізге белгілі. Аяулы ардагерлеріміз, қазыналы қарттарымыз қоғамның барлық саласына белсене араласып келеді. Олардың өздері де ешқашан назардан тыс қалған емес. Әсіресе, үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан «Белсенді ұзақ өмір» бағдарламасы қарттарымыздың күй-жайы мен денсаулығын сақтауға ерекше үлес қосып отыр. Бір айта кетерлігі, 1 қазаннан бастап қаламызда Қарттар айлығы басталады.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

САРЫ АЯЗҒА САҚАДАЙ САЙ

Алматыда қазандықтар жылыту
маусымына толық дайын



Бұл туралы Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының басшысы Евгений Пак Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында мәлімдеді.

ҚЫСҚА...

- Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.
- Қазақстан Ұлттық Банкі номиналы 100 теңгелік JAMBYL 175 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.
- Мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында «Үздік педагог–2021» республикалық байқауының қорытындысы шығарылды.
- Мегаполисте «қызыл» мәртебесі бар 2188 адамға 30 АЕК (87 510 теңге) көлемінде айыппұл салынып, ашық дереккөздерде 2024 карантин бұзушының аты-жөні жарияланды.
- 23 жастағы алматылық Бекарыс Әлімнұр кейуанаға таксиде қалып кеткен 1,5 млн. теңге ақшасы мен алтын бұйымдарын қайтарып берді.
- Алматы жылу беру маусымына 100 пайыз дайын.

www.almaty-akshamy.kz





ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

СЫНДАРЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР САРАЛАНДЫ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қалалық Қоғамдық даму басқармасының алқа жиынын өткізді


Онлайн-форматта өткен жиын барысында ағымдағы жылдың 9 айындағы жұмыс қорытындысы және Мемлекет басшысының «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұжырымдалған маңызды талап-міндеттерді іске асыру аясындағы бағдарлар қаралды.

Қоғамдық даму басқармасының басшысы Д.Есдәулетов азаматтық қоғамды дамыту, мемлекеттік жастар мен ақпараттық саясат, ұлтаралық қатынастар, сондай-ақ, жалпы қалалықтардың әлеуметтік жағдайы мен әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Алматыда азаматтық қоғамды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, бұл бағытта үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимыл күшейтілді. Жалпы алғанда, мегаполисте 4 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелген, бұл республикадағы олардың жалпы санының шамамен 20%-ын құрайды. Биыл 20-дан астам бірлескен жобаны іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде. ҰЕҰ қызметін институционалдыру мақсатында және қолдау үшін қалада «Civil center Almaty» жұмыс істейді, онда семинарлар, тренингтер және т.б. жүргізіліп, кеңестер беріледі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында төрт жыл ішінде қалада 4,5 миллионнан астам адамды қамтитын 400-ден астам жоба жүзеге асырылды. Биыл 280-ге жуық іс-шара өткізілді. Солардың бірі – «Almaty RUN Talks» диалогтық алаңы. Оған «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының төрт кезеңінің жеңімпаздары қатысты.

Мемлекеттік жастар саясаты бағытында 2025 жылға дейінгі Өңірлік жоспар жүзеге асырылуда. Қалада 14 пен 35 жас



аралығындағы 692 мыңнан астам жастар тұрады. Қалаға өңірлерден жыл сайын 35 мыңнан астам жас келеді. Барлық аудандарда «Алматы жастары» жастар ресурстық орталықтары мен сенім кеңселері бар. Олар жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі және оларға психологиялық кеңес береді. Жастарды толғандырып басқа да мәселелерді шешу үшін қолдау шараларын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мобильді топтар кептеліс орындарында жұмыс істейді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан жастар мен жасөспірімдерге арналған 100 демалыс орталығы бар, қосымша 50 орталық ашу жоспарлануда. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 13 мыңнан астам

жас қала тұрғыны жұмыспен қамтылды. «Бірінші жұмыс орны» жобасы іске қосылды, 180-ге жуық адам жұмысқа орналасты. Волонтерлік қозғалыстың дамуына қолдау көрсетіледі: қалада 28 ірі волонтерлік ұйым жұмыс істейді, 50 мыңнан астам еріктілер бар. Жалпы алғанда, НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 0,4%-ға төмендеді, жалпы алғанда, республика бойынша көрсеткіштер 0,7%-ға төмен.

Этносаралық қатынастар саласында Қазақстан халқы Ассамблеясының қалалық филиалымен бірге кешенді жұмыстар жалғасуда. Алматыда 19 республикалық және 36 қалалық этномәдени бірлестік жұмыс істейді. 8 айда «30 игі іс» қайырымдылық

марафоны мен «Елбасы жылуы» акциясын қоса алғанда, 80-нен астам қайырымдылық акциясы өткізілді, 5130 отбасыға және мұқтаж 1000 нан азаматқа 73 млн. теңгеден астам соманың көмегі көрсетілді. Этномәдени бірлестіктерді институционалды қолдау үшін қалалық Достық үйін ашу мәселесі пысықталуда. Алматыға шет мемлекеттерден келген қандастардың әл-ауқатын жақсарту бойынша жеке жұмыстар жүргізілуде. Бұл – «Отан – отан да ыстық» жобасының басты бағдары болмақ.

Отырыстың қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров басым міндеттерді айқындап, өзекті мәселелер бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Атап айтқанда, ҰЕҰ-мен, әсіресе, білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы өзара іс-қимылды күшейту тапсырылды. Қоғамдық даму басқармасы Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қорымен бірлесіп, 2022 жылға арналған жастар саясатын іске асырудың тиімділігін одан әрі жақсартудың жаңа тәсілдерін әзірлеуі керек. Бұл ретте жастар мен волонтерлік ұйымдардың, сонымен қатар, НЕЕТ санатындағы студенттер мен жеке тұлғалардың белсенді қатысуына баса назар аударылады.

«Естітін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, оның ішінде медиялық саясатты жетілдіру, жұмыстың ашықтығы мен транспаренттілігін қамтамасыз ету, ақпаратқа қолжетімділікті арттыру, қоғамдық тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін қала әкімдігімен өзара әрекеттестіктің қолданыстағы механизмдері бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Сараптамалық кеңес отырысы өтті

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша Сараптамалық кеңестің онлайн-отырысы өтіп, ағымдағы жылдың 9 айындағы жұмыс нәтижелері қаралды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2021 жылға арналған қалалық іс-шаралар жоспарына сәйкес, жеке тұлғаның, мемлекеттің дамуына, біртұтас ұлттың қалыптасуына бағытталған жобаларды жүзеге асыру көзделген. Бұл ретте қалалық жоспар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық 6 бағытын қамтиды.

Алматы қаласының Қоғамдық даму басқармасы «Рухани жаңғыру» Жобалық кеңесінің директоры Гүлнәр Қоңырова биыл қалада 280-нен астам іс-шара жүзеге асырылғанын хабарлады. Тек төрт жылдың ішінде Сараптамалық кеңестің 44 отырысы өткізілді, нәтижесінде мегаполисте 4,5 миллионнан астам адамды қамтитын 400-ден астам жоба жүзеге асырылды. Бағдарламаны іске асыруға қала әкімдігінің құрылымдық бөлімшелері, сарапшылар қоғамдастығы, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары мен ҰЕҰ қатысуда. Мысалы, 17 университетте жобалық кеңселер мен аудиториялар бар. Қаланың барлық колледждерінде және көптеген мектептерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жеке тұлғаны дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізуге (патриоттық рухта тәрбиелеу, шығармашылық әлеуетті арттыру және т.б.) жауапты тұлғалар анықталды.

Жобалық кеңсе 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды қолға алды. Оқу жылының басында қаланың сегіз ауданының білім бөлімдерінің әдіскерлерімен, 22 колледждің жауапты тұлғаларымен Бағдарламаны одан әрі тиімді іске асыру мәселелерін талқылау үшін бірқатар кездесулер

өткізілді. Алгоритмге сәйкес, 2022 жылға арналған Жоспардың жобасына енгізілетін барлық іс-шаралар олардың Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін қарау үшін Сараптамалық кеңес мүшелеріне жіберіледі.

Отырыс барысында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, «Ерке-Нұр» ЖШС бас директоры Фарид Мерхамитқызы, сондай-ақ, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Мирзозова баяндама жасады.

Сарапшылар кеңесінің мүшелері азаматтарды туған өлкесінің дамуына қатыстыру, әлеуметтік проблемаларды шешу және жалпы патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында демеушілер мен меценаттарды маңызы зор «Туған жер» арнайы жобасына тарту үшін қаланың бизнес-қауымдастығына үндеу жасады.

Атап айтқанда, алғашқы кезеңде бірінші кезекте мүмкіндігі шектеулі, оның ішінде интеллектуалды балаларға, жасөспірімдер мен жастарға басымдық берілетін іс-шараларды өткізу жоспарлануда. Олардың ой-өресін дамытатын, спорттық және білім беретін, басқа да шараларды ұйымдастыру; мамандандырылған мектептер, интернаттар мен медициналық-әлеуметтік мекемелер тәрбиеленушілерінің жобаларын іске асыруға бағдарлау және тарту; сондай-ақ, ҰЕҰ мен жастар қозғалысы қатысатын жобаларды көбейту де көзделуде.

Кеңес төрағасы, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып» атты жаңа арнайы жобаларға ерекше назар аудара отырып, Рухани жаңғыру бағдарламасын сапалы жүзеге асыру бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын

іске асыру бойынша Алматы қаласындағы жобаларға мәдениет пен білім саласының өкілдерін кеңінен тарту міндеті қойылды. Бұл ретте көрсетілген бағыттарды жүзеге асыру жаңа шындық жағдайына бейімделетін болады. Мәселен, пандемияның әлі де аяқталмағанын ескере отырып, 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын қайта қарап, әлеуметтік-гуманитарлық жобаларды жүргізуге, дәріс беретін және танымдық бағдардағы контентті құру мен таратуға ерекше маңыз берген жөн.

Отырыс қорытындысы бойынша интеллектуалды ауытқуы бар балаларға арналған «Алматы қаласының қазақстандық арнайы олимпиадасы» филиалының директоры Гүлнар Әсемқұлованы, «AlmaU» университетінің профессор-практигі, Студенттерді дамыту орталығының жетекшісі Аида Жунусбаеваны; К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық орта мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатының директоры Бақтияр Әбдірашевті Сараптамалық кеңес құрамына енгізу жөніндегі ұсыныс мақұлданды.

Еске салсақ, Алматы қаласының әкімдігі жанындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Сараптамалық кеңес 2017 жылдан бері жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Сараптамалық кеңес қоғамдық негізде әрекет етеді, оның шешімдері консультативтік сипатта болады. Бағдарламаны жобалық кеңсемен бірге жүзеге асыруға кез келген адам қосыла алады. Алматы қаласындағы «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңесінің байланыс телефоны: 8 (727) 332-22-40; ғылыми және білім беру ортасымен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша 8 747 122 91 97. Мекенжайы: Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Солтүстік мұнара, 11-қабат. «АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматы Индустриалды аймағында 253 млрд. теңгенің өнімі өндірілді.

Соңғы 10 жылда мегаполисте мектеп жасына дейінгі алматылықтардың саны 79 мыңға көбейген.



«Алматы жастары» бағдарламасы бойынша жыл басынан бері 772 отбасы баспаналы болды.



Алматыда 12 600 оқушыға арналған 8 мектептің құрылысы жүргізілуде.



Қаланың 24 ықшамауданында 140 шақырым су құбыры салынып жатыр.



ДЕЛЕГАЦИЯ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

РЕСЕЙЛІК ӨНІМДЕР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

**Кеше Алматы қаласына
Рязань облысынан делегация
келді.**

Облыс губернаторы Н.В.Любимов пен «РСО» АҚ бас директоры В.О.Никишина бастаған делегация қаладағы Рязань кәсіпорнының әртараптандырылған көрме залында таныстыру жұмыстарын жүргізді.

Губернатордың Алматыға іссапары сауда-саттықты нығайтуға бағытталған. Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара экономикалық серіктестік орнатуға негізделген шарада Рязань кәсіпорындарының экспозициялық өнімдері назарға ұсынылды. Сондай-ақ, басқосуда жұмыс барысы туралы келіссөздер орын алды.

— Біз Рязань кәсіпорындарының өнімдерін ұсыну үшін арнайы ашылған көрме залында шара өткіздік. Шараның басты мақсаты — өнімдерді қазақстандық тұтынушыларға презентация түрінде таныстыру. Сонымен қатар, қазақстандық серіктестер тауып, олар-

мен сенімді келіссөздер жүргізіп, ұзақ уақытқа келісім-шарт жасау мақсатында жұмыс істейміз. Болашақта Өзбекстан елінде дәл осындай филиал ашу ойымызда бар. Қазір осы мақсатта жұмыс істеп жатырмыз. Қазақстан біздің көптеген елдердегі серіктестеріміздің ішінде ең маңыздысы. Ол ТМД елдерінің ішіндегі серіктестеріміздің арасында 2-орын иеленеді. Бірінші орында Беларусь елі орналасқан.



Сондай-ақ, біз тек экспортпен емес, импортпен де айналысамыз. Мысалы, Қазақстан өнімдерінің 3-4%-ын импорттап, ал Рязань кәсіпорындары өнімдерінің 94%-ын экспорттаймыз. Екі ел арасында бизнеске қарағанда, достық қарым-қатынас жоғары деуге болады, — деді Н.Любимов.

— Ресей сараптама орталығының тәжірибесі бойынша әртүрлі мемлекеттерде орналасқан дәл осындай 3 филиалымыз бар. Пандемия уақытында өнімдерді экспорттау мәселесі қарқын алғаны белгілі. Алайда, Рязань облысындағы әріптестеріміздің ынтасы Қазақстанда Рязань өнімдерін экспорттау бойынша өте белсенді позицияны ұстанды. Сондықтан орын алып жатқан шара өте маңызды деп ойлаймын. Онлайн тапсырыс бермей, өнімдердің сапасын көзбен көріп, ұстап, тексеру тұтынушылар үшін маңызды. Біздің қауымдастық тұтынушыларға осындай мүмкіндіктер сыйлайды, — деді О.Никишина.

Рязань кәсіпорындарының өнімдері Қазақстаннан бөлек, Германияға (13,6%), Қытайға (12,5%), Беларусь еліне (11,1%), АҚШ-қа (4,6%), Польшаға (4,6%), Украинаға (3,8%) экспортталады. Алдағы уақытта Өзбекстан, Африка елдеріне жол тартпақ. Шара соңында екі ел арасында сенімді сауда-саттық орнап, қарым-қатынас достыққа ұласады деген сенім артылды.

РЕЙД

Жауапсыздықпен күрес



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Қалада айыппұл төлемеген жүргізушілерден 50 млн. теңге өндірілді.

«Борышкер» жедел алдын алу шарасы аяқталды. Рейд барысында әкімшілік полиция, жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері, сондай-ақ, прокуратура өкілдері мен жеке сот орындаушылары әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алды.

«Екі күн ішінде атқарушы орган қызметкерлерімен бірге мемлекеттік бюджетке 50 миллионнан астам теңге жиналды. Айыппұл төлемеген 32 көлік мамандандырылған айыппұл тұрағына қойылды, 298 жүргізуші 35 миллион теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл бойынша берешегі бар екендігі туралы ескерту алды, сондай-



ақ, бұрын жеке сот орындаушыларымен 71 миллионнан астам сомаға арестке қойылған көліктер ұсталды», — деді Алматы қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Нұрлан Аманбек.

Оның айтуынша, шара барысында әкімшілік айыппұл салынған 600 мың теңгеден асатын берешегі бар тұрғын анықталды. Қарызы толық өтелгенше оның да көлігі арнайы тұраққа қойылды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Дайындық тексерілмек



Динара
МҰРАТ

**Алматыда бейсенбі күні
Хабарландыру жүйесінің дайындығын тексеру жүргізіледі.**

«Құрметті Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары! 30 қыркүйекте сағат 12.55-те Алматы қаласы ТЖ департаменті хабарландыру жүйесінің дайындығына техникалық тексеру жүргізеді», — деп

хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Оқу тексерісі электр дабылдарын қосу, хабарландыру жүйесінің дайындығына тексеру жүргізу туралы халықты бір мезгілде хабардар ете отырып, теледидар мен радио арналарын автоматты түрде қосу арқылы «Баршаның назарына» бірыңғай құлақтандыру сигналын беруді көздейді.

Департамент Алматы тұрғындары мен қонақтарынан сабырлық сақтауды сұрайды.

МОНИТОРИНГ

СУБҰРҚАҚТАР – ҚАЛА СӘНІ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Саябақтар мен субұрқақтардың қайта жаңартылуы қаланың тарихи келбетін сақтауға мүмкіндік береді.

Қалада маңызды тарихи ғимараттар мен саябақтарды қайта жөндеуге жергілікті бюджеттен қомақты қаржы жұмсалады. Қоғамдық кеңес мүшелері, қала белсенділері, экологтер бірнеше

нысанды аралап, олардың қаншалықты талапқа сай орындалып жатқанын тексеріп, мониторинг жүргізді. Атап айтқанда, Ө.Қастеев атындағы Өнер мұражайына, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрына, «Неделька» субұрқағы және Абай атындағы опера және балет театры жанындағы саябаққа, Мемлекеттік орталық мұражайға барды.

Биыл Әбілхан Қастеев атындағы Өнер мұражайының жанындағы саябақ, «Неделька» субұрқағы, Абай атындағы Ұлттық

академиялық опера және балет театрының маңындағы гүлзардың тарихи бейнесі сақтала отырып жөнделіп, алматылықтардың игілігіне берілген еді. Экологтер мен қоғам белсенділері атқарылған істердің сапасына баға беріп, пікірлерін білдірді.

«БАҚ өкілдері мен эколог мамандарымен бірге бірнеше нысанды араладық. Нысандардан айтарлықтай ағаттық таппадық. «Неделька» субұрқағы мен Абай атындағы Опера және балет театрының жанындағы саябақ өте жақсы жасалған деуге болады. Құрылыс заттары өте сапалы, құны өте қымбат. Мысалы, саябақтағы орындықтар, қоқыс жәшіктері мен қоршаулар шойыннан жасалған. Субұрқақ 70-жылдардағыдай мәрмәр таспен жасалған», — деді қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Сергей Пономарев.

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының алаңына жасалатын жөндеу жұмыстары келер жылы көктемде қолға алынбақ. Оны 2022 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Оған 2,4 миллиард теңге қаржы жұмсалмақ. Қалалық Жасыл экономика басқармасы өкілдерінің айтуынша, нысан алғаш рет реставрациядан өткелі тұр. Субұрқақты жөндеу қиынға соғады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Себебі, бұған дейін еш жөндеу көрмеген инженерлік желі мен құбырлар ескіріп, тесіліп қалған. Енді автоматтандырылған суару жүйелері қойылып, көгалдандыру мен безендіру қолға алынбақ.

«Арнайы мониторингтік топпен аралау жұмыстарын жүргіздік. Театр алдындағы субұрқаққа қатысты «Сомасы неге көп?» деген сияқты көп сұрақ туындап жатыр. Ол жерде субұрқақты бұзып, түгелдей қалтына келтіру керек. Өйткені, оның ыдысы су ұстамайды. Ас-

тындағы метро құрылысына су кіреді. Сондықтан гидроизоляция, су ақпайтындай жоба қарастырылған. Қайтадан қалына келгенімен, архитектуралық келбеті өзгермейді. Алаңы түгел гранит таспен алмастырылып, жарық жүйелері толық ауыстырылады. Автоматтандырылған суару жүйелері, көгалдандыру және безендіру жұмыстары қарастырылған», — деді қалалық Жасыл экономика басқарма басшысының орынбасары Ұлан Абдулдаев.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Салтанат АРЗЫМБЕТОВА, Алматы қаласы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы:



— Тәуелсіз елде білім алып жатқан бүгінгі ұрпақ аса бақытты. Себебі, оқу-тоқуы үшін мектептерде барлық жағдай жасалған. Білімімді көтермелеп, жетілдіремін десе де түрлі үйірме, сабақтар бар. Ойы сергек, пікірі өткір, сөзі анық, жүзі ашық бүгінгі балаларға білім берудің өзі біз үшін өте қызық. Өзімен тең дәрежеде сөйлесе алатын егемен елдің еркін ойлы өрендеріне жол көрсетуші ұстаздар да сол үдеден шығуды әркез ұмытпайды. Балаға лайықты білім беру үшін олар да түрлі байқауларға қатысып, өзін шыңдап отырады.

Жуырда Қазақстан Республикасының Педагогтер қоғамы «Білім беру ісінің үздіктері—2021» байқауының қорытындысын шығарды. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Алматы филиалы атынан мен де қатысып, мерейім үстем болды. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің тренері, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу құралдарының авторы ретінде еңбегім жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасының Педагогтер қоғамы тарапынан тағайындалған «Ұстаз» орденіне ұсынылды. Қатты қуандым. Тәуелсіз елдің мәртебелі ұстазы болу да — бір бақыт.

Өзіне жүктелген міндетті тыңғылықты орындайтын, әрдайым білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, зерделеп, оңтайлысын тәжірибеге енгізіп, жас педагогтерге кәсіби кеңес беріп жүрген өзге де әріптестерім де барлық құрметке лайықты.

Медет ЖЕКСЕНАЙ, ҚР ҰҰ ӘН тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі бөлімінің офицері:



— Қазақ елінің тәуелсіздігіне биыл — 30 жыл! Ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған арманға қол жеткізіп отырмыз. Өзім 1991 жылы Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы туып-өскен Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келдім. Туған күнімнің өзі — 4 маусым, Мемлекеттік рәміздер күніне тұспа-тұс келіп отыр. 30 жасымды алатын болсақ, мен жоғары оқу орнын аяқтап, офицер шенін алып отырмын. Ал тәуелсіз Қазақстан осы аралықта талай белестерді бағындырды. Әскери қызметшілерге мемлекеттік тілден сабақ беремін. Аптасына 2 рет. Құжаттармен де жұмыс істеймін. Мақсатым — әскери салада ана тіліміздің қолданысын дамытып, мәртебесін арттыру және өзгелерге үйрету.

Қазіргі кезде Қазақстанымыз әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Экономикалық байланысымыз даму үстінде. Қазақ жерінің байлығы, мол табиғи қорлары еліміздің әлеуметтік дамуының негізі болуда. Біздің мемлекетіміз өзінің даму жолында маңызды қадамдар жасады және айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осының бәрі — тұғырлы тәуелсіздік тұсында әрі тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген жеңістер мен табыстар деп білемін.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ—2021

САНАҚТАН ӨТУ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК!

Халық санағынан онлайн өткен қазақстандықтар саны 6 миллионнан асты

ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ№1 SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН ӨТКЕНДЕРҮШІН санақтан өткендігі туралы хабарлама нөмірін көрсету жеткілікті

23 000-НАН АСТАМ ИНТЕРВЬЮЕР еліміз бойынша БАРЛЫҚ тұрғын үй-жайларды аралайды

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

№2 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТҮ

№3 НҮСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

САНАҚТАН ҚАЛАЙ
ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

тықшылықтарын түсінгендері абзал. Индетке қарсы күрес амалы ретінде интернет-сауалнамаға жауап беру арқылы санақ науқанына қатысу — бірден-бір қауіпсіздік кепілі. Қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға тікелей жауап бере алады. Сайтқа тәулік бойы кіру қамтамасыз етілген. Азаматтар тұрғылықты жеріне қарамастан, виртуалды көмекшінің көмегімен санақты өздері және отбасы мүшелері үшін сауалнамалар толтыру арқылы дербес аяқтай алады. Санақ жүргізу кезінде еліміздің барлық аумағында ұялы және стационарлық телефондарға арналған тегін бірыңғай «1446» call-орталығы жұмыс істейтін болады. Call-орталыққа қоңырау шалу — тегін. Сондай-ақ, **8 8000 800 878** нөміріне де хабарласу мүмкіндігі бар.

Ал онлайн-санақтан белгілі бір себеппен өте алмай қалған азаматтарды, интернет жүйесіне қосылмаған ауыл-аймақ тұрғындарын, шалғай елдімекендердегі тұрғындарды қамту үшін қажетті санитарлық нормаларды сақтай отырып, 2021 жылдың 1 қазанынан 30 қазанына дейін дәстүрлі офлайн санақ жүргізілетін болады. Барлық деректерді санақшылар дәстүрлі әдіс арқылы, үй-үйді аралап жүріп анықтамақ. Олар үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдаланады, азаматтардың деректері санақ жүргізушінің қолындағы сол планшеттік компьютерге толтырылады. Учаскелерді аралау кезінде интервьюерлер (сұхбатшылар) медициналық бетперделер мен қолғаптарды, антисептиктерді қолдану сияқты барлық сақтық шараларын сақтайды.

Ең бастысы, санақ деректерінің құпиялығы қатаң сақталады! Азаматтардан алынатын барлық ақпарат қорғалған байланыс арналары арқылы бюроның орталық сер-

веріне беріледі. Мұнда барлық деректер криптографиялық қорғау құралдарымен қорғалған. Санақ сұхбатшылары жұмыс барысында пайдаланатын планшеттік құрылғылардан деректерді серверге беру кезінде де халық санағының деректерін қорғау қатаң қадағаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау барысында барлық мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді. Олардың қызметкерлерінің алғашқы статистикалық деректерді жоғалтқаны, сатқаны, бергені және өзге де заңсыз жария еткені үшін заң жүзінде жауапкершілік көзделген.

Тағы бір ескеретін маңызды жәйт, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық парызға негізделген санақтан өтуден бас тартқандар үшін жауапкершілік қарастырылған. Санақ кезінде әр адам респондент болып есептелетіндіктен, ақпарат бермегені үшін немесе белгісіз мәлімет бергені үшін азаматтар жауапкершілікке тартылады. Бұл туралы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айдар Әбілдабеков мәлімдеді.

Сонымен, санақты онлайн өтемін деушілер үшін sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді. Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін алғыс айта отырып, санақты онлайн өтуге шақырады. Барлық сауалдар бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу — тегін. Қазақстанда әркім маңызды!

Дайындаған
Т.ДЕРЫСАЛИН.
(Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы).

ТҮРҒЫН ҮЙ

Заманауи үйлер бой көтермек

Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда Тұрғын үй қорын қалпына келтіру бағдарламасы аясында 549 пәтерлік 10 жаңа тұрғын үй салынып жатыр.

Алматы қалалық әкімдіктің мәліметіне сүйенсек, Жетісу ауданындағы Крылов–Скрябин–Гончаров–Райымбек учаскелерінде 304 пәтерлік, Казаков–Скрябин–Боткин–Райымбек учаскелерінде 183 пәтерлік 2 көпфункционалды тұрғын үй кешенінің құрылысының 40%-ы аяқталуда.

Сондай-ақ, Түркісіб ауданындағы Молдағалиев–Сауранбаев–Чернышевский–Толстой көшелерінің шаршысында 62 пәтерлік 3 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы басталды. Мұнда тұрған тозығы жеткен үйлердің орнына заманауи тұрғын үйлер бой көтереді. Құрылыс аяқталғаннан кейін бұдан бұрын оларда тұрған тұрғындар жаңа пәтерге кө-

шеді. Жаңа құрылыстар сейсмикалық төзімділікті ескере отырып және барлық заманауи стандарттарға сәйкес, оның ішінде, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының қолжетімділігі мен өмір сүруінің ыңғайлылығын назарға ала отырып жобаланған. Жаңа тұрғын үйлерден басқа, аумақтарда халыққа қызмет көрсету орталықтары, әлеуметтік нысандар салынбақшы, жас елгілер тартылып, қоғамдық кеңістіктер пайда болады. Құрылысты қаржыландыруды жеке инвесторлар жүзеге асырады. Тұрғын үйдің жалпы ауданы 96 мың шаршы метрден асады. Алғашқы үйлер 2022 жылы пайдалануға беріледі.

Тұрғын үй қорын қалпына келтірудің 2021–2025 жылдарға арналған бағдарламасы Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген. Оны іске асыру аясында 708 тозығы жеткен үйді ауыстыру және олардың орнында 683 жаңа тұрғын үй салу көзделген.

ТҮЙЫМ

Түнгі тыныштық маңызды

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Алматы әкімдігі «Алматы қаласында жол жүрісін арнайы ұйымдастыру аймағын белгілеу туралы» бұйрықтың жобасын әзірледі. Ол бойынша енді түн ішінде қала көшелерінде мотоциклдердің жүруіне тыйым салынбақшы. «Жедел және арнайы қызметтердің автомобильдері, автобустары мен мотоциклдері сәйкес түсті графикалық схемалары, тану белгілері, жазбалары, арнайы жарық және дыбыс сигналдары бар көлікті қоспағанда мегаполисте түнгі сағат 22.00-ден таңғы 09.00-ге дейін мотоциклдердің жүруіне тыйым салынсын», — делінген бұйрық жобасында.

Алматы қалалық мобильділік басқармасы бұл жоба түнгі уақытта шу жүктемесін азайту мақсатында қарауға ұсынылып отырғанын жеткізді. Түнгі тіршілігі сағат 00.00-ден кейін де қызып жататын мегаполисте көшелер жап-жарық қана емес, үлкен даңғылдардағы көлік ағыны да ешбір бәсеңдемейді. Ал оған мотоциклдердің шуы қосылғанда түнгі тыныштықтан маза кететіні рас. Аталған жоба көлігі күндіз-түні ағылып жататын үлкен жол-айрықтар мен даңғылдардың, ірі көшелердің бойындағы тұрғындар үшін өте өзекті.

Құжат 12 қазанға дейін қоғамдық талқы үшін «Ашық НҚА» сайтына жарияланды.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

САРЫ АЯЗҒА САҚАДАЙ САЙ

Алматыда қазандықтар жылыту маусымына толық дайын



(Соңы. Басы 1-бетте)

Спикер тұжырымдағандай, жылыту көздерінің, газ желілерінің, қазандықтардың қолжетімділігі 100%-ды құрайды. Жылыту маусымына 8257 тұрғын үй, 443 білім беру және 91 денсаулық сақтау объектілері дайын.

– Жылыту маусымына дайындық мамыр айында басталды. Гидравликалық сынақтар жүргізілді, нәтижесінде 626 зақым анықталды және жойылды. 82 қазандықта жөндеу жұмыстары жүргізілді, қазандықтарды ауыстырумен технологиялық және қосалқы жабдықтар жөнделді, газ жабдықтары ауыстырылды. Биыл Наурызбай ауданындағы Вокзал қазандығын, сондай-ақ, «Премьера» қазандығын қайта жаңарту басталды, – деді Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының басшысы 2021-2022 жылдардағы қыс мезгіліне дайындық туралы.

Сонымен қатар, Е.Пак 82 қалалық қазандықтарда және жылу көздерінде, тұрақты түрде, төрт ауысымда жедел персонал тәулік бойы кезекшілік ететінін айтты. Апат кезінде 13 жедел және жөндеу бригадасы жұмыс істейді. Сондай-ақ, 229 мың тонна көмір мен 23,4 мың тонна мазуттың апаттық жағдайға арналған резерві жинақталды.

Барлығы Алматыда Түркісіб пен Жетісу аудандарында халыққа арналған 8 көмір базасы бар, алдын ала 90 мың тонна көмір қорын жинау жоспарланған. Бүгінде 27 мың тонна қор жиналды, тағы 3,5 мыңы жолда.

Спикер электр және газ желілерінің дайындығы туралы да әңгіме өрбітті. Оның айтуынша, Алматыда электр желісінің ұзындығы 8,5 мың шақырымды құрайды. Олардың дайындығы – 100%. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ 871 шақырым электр желілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізді. Өз кезегінде, Алматыдағы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ 4746 шақырым газ желілерін бақылауда ұстайды, олар да қыс маусымына толық дайын.

Евгений Пак, сонымен қатар, Алматы қаласындағы үйлердің 94,5%-ы жылууды есепке алатын қондырғыларға қосылғанын, қалғандары қазарма типіндегі үйлер екенін немесе апатты үйлерге тиесілі екенін айтты.

Басқарма басшысы ауа температурасы алматылықтар үшін ыңғайсыз деңгейге түскенде жылу желілері жылууды бастауға дайын екенін мәлімдеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Қауіпсіздік қағидасы

Алматы әуежайында қарулы шетелдіктер ұсталды



Гүлжанат СЕМБАЕВА

28 қыркүйекте көлік полицейлері Қазақстанға «Алматы-Франкфурт» әуе рейсімен ұшып келген 64 жастағы ер адам мен 43 жастағы әйелді ұстады. Тексеру кезінде оларда 30-06 мм. және 300 мм. калибрлі патрондар табылған.

«Алматы қаласының әуежайында полиция желілік бөлімінің қызметкерлері ұсталғандарға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 484-бабының 1-бөлігі (Ішкі істер органдарының қаруды сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар адамдардың азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын сатып алу, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттеу тәртібін бұзуы) бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылды. Әрқайсысына 10 АЕК (29170 тг.) көлемінде әкімшілік айыппұл салынды», – деп хабарлады Көліктегі ПД баспасөз қызметі.

Сонымен қатар, сол күні Алматы қаласының әуежайында 1979 жылы туған Алматы облысының тұрғыны ұсталды, ол Нұр-Сұлтан қаласына ұшып бара жатқан әуе кемесінің бортына электр шоқпарымен кіруге тырысты. Қазіргі уақытта тәркіленген зат бойынша сот-электротехникалық сараптама тағайындалды.

ЖАСТАРҒА – ҚОЛДАУ!



Динара МҰРАТ

2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев белсенді және талантты жастарды қолдау бойынша «Ел үміті» жалпыұлттық саясатын ұсынған болатын. Бұл бастама аясында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры дарынды балаларды анықтайтын «Қабілет», «Елбасы медалі» сынды бірнеше бірегей жобаны қолға алды. «Елбасы медалі» бағдарламасына қатысу тәртібі Үкімет қаулысымен бекітіліп, Тұңғыш Президент қорының қолдауымен өтіп жатыр. Оның басты мақсаты – өскелең ұрпақты қолдау және ынталандыру.

Жоба жайлы толығырақ айта кетсек, «Елбасы медалі» – еліміздегі ең ауқымды challenge, оған қатысуға 14 пен 29 жас аралығындағы жастар шақырылады. Қатысушылар қола, күміс немесе алтын деңгейді таңдап, 6 айдан 18 айға дейінгі бағдарлама талаптарын

орындауы керек. Осы уақыт аралығында олар өз дағдыларын 7 бағытта дамытады: спорт, дарын мен дағды, кітап оқу, ұлттық мұра, еріктілік, туристік саяхаттар және еңбек тәжірибесі.

«Елбасы медалі» жастардың тек білімінің және табысының символы ғана болып қалмайды. Болашақ мектеп түлектері үшін де елдегі ЖОО-ларда білімін жалғастыруға бағытталған тың кадам. Медаль иегерлерінің ұпайлары тең болған жағдайда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен білім грантын және қала әкімінің грантын алуға толық құқығы бар.

«Елбасы медалін» мақсатына ұмтылған әрбір қазақстандық жас буын иелене алады. Бағдарламаға қатысу

«ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» талантты өренді күтеді

үшін me.fpp.kz онлайн платформасына тіркеліп, ұсынылған «алтын», «күміс» немесе «қола» бағыттарын таңдау керек. Содан кейін өзіңізге арнайы бекітілген тәлімгердің көмегімен өз қалауыңызға сай іс-шаралар мен кестені таңдап, жеке даму бағдарламасын жасай аласыз. Мүмкіндігі шектеулі жандар да бағдарламаға қатыса алатындай кесте құруға жағдай жасалады.

Деңгейді таңда және «Елбасы медалі» жобасымен бірге көшбасшылардың жаңа буын қатарына қосыл! **Call-орталық: 8 800 080 48 48. Алматы қаласы бойынша жобаға тіркелу және толық ақпарат үшін +7 775 673 10 50 байланыс нөміріне жаза аласыз.**

Ғылымға құмар жас ғалым



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде жастарды қолдауға басымдылық беріліп, осы бағытта көптеген шаралар жүзеге асты. Соңғы уақыттарда ел жастарына жан-жақты қолдау көрсету қарқын алып келеді. Оның ішінде жастардың білім алуына барынша жағдай жасалып жатқаны белгілі. Соның нәтижесінде жастар арасында ғылымға деген қызығушылық күн санап артып келеді.

Бүгінде елімізде ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен 384 ұйым айналысады. Оған 22 378 адам тартылып, 17 454 маман-зерттеуші жұмыс істейді. Соңғы жылдары ғылыми салаларға жастардың ағыны артқан. 35 жасқа дейінгі ғалымдардың саны 2011 жылғы 6,4 мың адамнан 2020 жылы 8,1 мың адамға дейін өсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық ғалымдарға қолдау көрсету және ғылымның дамуына жан-жақты ықпал етуді жиі айтатыны белгілі. Осындай қолдаудың шешімдерінің бірі ретінде ғылыми жобаларды қаржыландыруды жатқызуға болады. 2020–2022 жылдарға арналған жас ғалымдар зерттеулерін гранттық қаржыландырудың жалпы көлемі 9 млрд. теңгені құрайды.

Ғылыми зерттеулерді іске асыру ҚР Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия айқындайтын ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес жүргізіледі. Талдау көрсеткендей, қазақстандық ғалымдар үшін гранттардағы үлесі 58,5% көрсетеді.

Өткенге көз жүгіртсек, 2017 жылы 1547 ғылыми жоба және 2015–2017 жылдарға бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 95 ғылыми жоба грант ұтып алды. Жобаларды орындаушылар санының 35% (7413 адам) – жас ғалымдар. Зерттеу топтарының құрамындағы шетелдік ғалымдар саны – 716 адам (ГФ бойынша – 665, ПЦФ бойынша – 51 адам).

Осындай ерен еңбек пен сындарлы саясаттың арқасында ғылыммен айналысатын жастардың жұмыссыз қалмауына кепілдік беріледі. Соның нәтижесінде 2025 жылға қарай еліміздегі ғалымдардың үлесі 1,5 есе ұлғайып, 34 мың адамға жетеді деп күтілуде.

Бұл туралы ғылыми комитеттің төрағасы Жанна Құрман-



ғалиева ғылыммен айналысатын жастарға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп жатқанын айтып, жастардың болашақта жұмыссыз қалмайтынына сенімді екенін жеткізді:

– Президент былтырғы Жолдауында жыл сайын жас ғалымдарға кемінде 1 мың грант бөлуді тапсырған болатын. Жақын арада конкурс жарияланады. Жыл сайын постдокторантураға PhD қорғап шыққан жас ғалымдарға 3 жылдық грант бөлінеді. Гранттардың құны 24 млн. теңгені құрайды. Жас ғалымға кемінде 1 мың доллардай стипендия төленеді, қалғаны ғалымға жетекшілік ететін ғылыми ұйымға тиесілі болады. Бұл ретте екі шарт бар: жас ғалымның сол институтта немесе жоғары оқу орнында жетекшісі және шет елде мықты, тәжірибелі ғылыми кеңесшісі болуы керек. Сондай-ақ, ғылымда қалуға талпынысы, жоспары, іске асыратын ғылыми идеясы болуы шарт. Ғылыммен айналысатын жастар жұмыссыз қалмайды, – дейді комитет төрағасы.

Бүгінде іске асырылып жатқан 315 жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі 3 жылға 17,8 млрд. теңгені құраған. Конкурс жыл сайын өткізіледі. Жас ғалымдар болашағына, ғылыми әлеуетіне сенетін болса, кемінде 500 ғалым жыл сайын ғылым әлемінің ең мықты ғылыми институттарында ғылыми тағылымдамадан өте алады. Конкурс 28 қазанға дейін өтеді.

СПОРТ

Жамағат өкілдері жарысты



Әсел ДАҒЖАН

Қаладағы мешіт жамағаты арасында спорттық шаралар өтті. Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде жиналған қауым асық ату, арқан тартыс, кір тасын көтеру сынды ұлттық ойындардан өзара бақ сынасты.

Қала күні аясында өтіп жатқан мерекенің негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау. «Мақсатымыз – қаламыздың діндар тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттай отырып, белсенді өмір салтына шақыру. Одан бөлек, ұлттық ойындарымызды қайта жаңғырту», – деді қалалық Дін істері жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Бақдәулет Әбдіхамитов.

Ұйымдастырушылар мұнымен тоқтап қалмай, алдағы уақытта үстел теннисі мен волейбол және шағын футболдан қалалық турнир өткізуді жоспарлап отыр. «Жастарды спортқа баулып жатқан ұйымдастырушыларға рахмет! Алдағы уақытта да спорттық жарыстар ұйымдастырып тұрса екен», – дейді қала тұрғыны Алтынбек Балтабекұлы.

КЕРЛИНГ

Дүбірлі додалар әлі алда



Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ



Almaty Arena мұз айдынында керлинг спортынан әлем кубогы басталды.

Эстония, Ресей, Финляндия, Түркия, Швеция, Корея, тіпті Ауғанстан сынды әлемнің 12 мемлекетінен келген 60 спортшы үш күн бойы бағын сынады. «Біз енді үнемі кубок ұйымдастырып тұрамыз деп шештік. Биыл 4 әлем кубогы, 2 әлем чемпионаты болады. Қазір тиісті келісімге қол қою үстіндеміз. Оған қол жеткізсек, осы аренада керлингтен талай дүбірлі додалар өтеді», – деді ҚР Керлинг қауымдастығының бас хатшысы, ҚР ұлттық Олимпиада комитетінің мүшесі Виктор Ким.

Алматыда өтіп жатқан тартысты додаға Қазақстан құрамасын қолдау үшін атақты чемпион Илья Ильин де арнайы келіпті.

«Мен біздің елімізде керлинг спортының дамып жатқанына өте қуаныштымын. Өз елімізде турнир өткізу арқылы олимпиада ойындарында Қазақстан керлинг спортынан да бақ сынаса алатынын көрсеткіміз келеді», – деді ауыр атлетикадан 4 дүркін әлем чемпионы Илья Ильин.



ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІН ТАБАДЫ

МЕДЕУ АУДАНЫ



Тазалық бар жерде тәртіп бар

«Бұл да бір халықпен тиімді кері байланыс орнатудың көрінісі болса керек, жақында әлеуметтік желіде Медеу ауданы әкімдігінің атына Пушкин көшесі, 38-40 мекенжайында орналасқан көппәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатындағы коммерциялық нысанның сыртқы қасбетін ретке келтіріп беруді өтініп, жазба қалдырған болатынбыз. Әкімдік біздің өтінішімізді

көпке созбай, бірден істі қолға алды. Бүгінде айтылған мекенжайдағы қасбеттер жуылып, айтылған жерлерде тазалық орнады. Ал тазалық бар жерде тәртіп болатыны айтпаса да түсінікті. Міне, халық билікке, билік халыққа арқа сүйегенде ғана болашақтың таңы арайлап атады» деген медеуліктер аудан әкімдігі қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ дейді.

Сөзіміз жерде қалмады




кет бар екеніне көз жеткізеді. Мұндай жүйелі жұмыс өз кезегінде халықтың билікке деген сенімін арттырады, сонымен қатар, биліктің қала тұрғындары алдындағы жауапкершілігін күшейте түседі. Егер қаладағы барлық аудан әкімдіктері Наурызбай ауданының қызметкерлері секілді жұмыс нәтижелерін көрсетіп жатса, Алматы тұрғындар үшін жайлы қала болатыны айдан анық.

Әлеуметтік желідегі парақшамызға алматылық Лариса Штаба есімді желі қолданушылардың бірі Наурызбай ауданының Жол полициясы қызметкерлеріне алғыс айтқан жазба қалдырыпты. Жазбада былай делінген: «3 қыркүйек күні Наурызбай ауданы ПБ ӘПБ бастығы Арсен Шакуовқа балаларымыздың мектепке барар жолына «жаяу жүргіншілер өткелі» және «зебра» белгілерін орнатуды өтініп, жазба қалдырған едім. Өтінішіме полиция қызметкерлері Дидар Аханов пен Нұрлан Аманбек бірден жауап қайтарып, арнайы хат жазуымызды сұраған болатын. 8 қыркүйекте Наурызбай ауданының Полиция басқармасы басшысына дәл осы мазмұнда ұжымдық хат жазып апардық. Сала мамандары бір ай ішінде шешім қабылдаймыз деп уәде берген болатын.

Сонымен қатар, ПБ әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры А.Н.Кейкеев істі жеке бақылауға алатынын жеткізгенді. Міне, бүгін, 20 күннен кейін біздің өтінішіміз орындалып, балаларымыз жиі жүретін жолға белгі қойылды, «зебра» салынды. №157 ОМ оқушыларының ата-аналары атынан және жеке өз атынан Наурызбай ауданы ПБ бастығы, полиция полковнигі Д.Е.Ахановқа және Алматы қаласы ПД ӘПБ бастығы, полиция полковнигі Н.А.Аманбекке, полиция майоры А.Н.Кейкеевке, Наурызбай ауданы ПБ ӘПБ бастығы Арсен Шакуовқа алғысымды білдіргім келеді. Сөзімізді жерге тастамағандарыңыз үшін, Сіздерге көп рахмет!».

Рас, егер тұрғындардың талап-тілектері жауапсыз қалмай, дәл осылай орындалып жатса, халық біздің үнімізді еститін мемлекет

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Баспалдақты жөндеп берді

Осыдан 3-4 ай бұрын редакциямызға Наурызбай ауданының тұрғыны Қуантай Бұлтақбаева хабарласып, Қарағайлы өзеніне көтерілетін баспалдақты жөндеп беруін өтініген болатын. Тұрғынның айтуынша, өзен темір қоршаумен қоршалған, жағасы жаппаздық. Жазда көгал шығып, айнала жаппаздық болып жататын көрінісімен әдемі. Сондықтан тұрғындардың көпшілігі таңертең және кешке қарай осы өзен жағасында серуендегенді, таза ауамен тыныстағанды әдетке айналдырған. Алайда, өзен жаққа баратын жолдың баспалдақтары сынып, ескіріп

кеткен. Тұрғындар осы кемшілікті түзеп, жолды жасап берсеңіздер деген өтінішін айтқан-ды.

Бүгін наурызбайлық тұрғындар ұзақ күткен өтініштерінің орындалғанын айтып хабарласып, ватсапқа суреттерін салып: «Almaty aqshamy» газеті ұжымына алғыс айтамыз. «Ақшам» арқылы айтқан өтінішіміз орындалып, қуанып жатырмыз. Міне, баспалдақтар жаңарып, көрер көзге әдемі, жүруге сондай ыңғайлы болып қалды. Наурызбай ауданы әкімдігіне рахмет!» деп жазба қалдырыпты.

Жарығымыз сөнбесін!



Алматылық Светлана есімді тұрғынымыз Орталық саябақ жанындағы көшелерде таңғы 06.00-де жарықтардың барлығын түгелдей сөндіріп тастайтынын айтады. «Орталық саябақ қоғамдық көпшілік

орын. Біз осы маңайда тұратын болған соң таңертең тұрып спорттық жаттығулар жасауды, жүгіруді әдетке айналдырғанбыз. Біразы таңмен таласа серуенге шыққанды да жақсы көреді. Бірақ неге екені белгісіз, таңға қарай әлгі самаладай жанып тұрған жарықтың бәрі өшіп қалады. Қазір таңғы 6 кезінде дала әлі қараңғы болып тұрады. Сондықтан көз байланар қараңғыда жүгіру былай тұрсын, жай серуендеудің өзі қауіпті. Жайлы қала болуы үшін тұрғындардың жағдайына көңіл бөлу басты талап деп білеміз. Осы орайда біз жауапты мекеме басшыларынан таң жарық болып атқанша жарықты сөндірмеулерін сұрап, көше жарығын қосып-ажырату жұмысын ретке келтірсеңіздер деген өтінішімізді айтамыз».

«Алматы Қала Жарық» мекемесінің қызметкерлері тұрғынның өтініші №1312 реттік нөмірімен қабылданып, назарға алынғанын жеткізді. «Күтіңіздер. Тексеріміз. Жауап тексеру жүргізілгеннен кейін, 04.10.2021 ұзартпай берілетін болады» делінген хабарламада. Ал Медеу ауданы әкімдігі жарықты қосып-өшіру жұмыстарына саябақ әкімшілігі жауапты екенін жеткізіп отыр.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

300-дей ағаш рұқсатсыз кесілген

Алматылықтар әлеуметтік желіде Жандосов пен Науаи көшелерінің қиылысында ағаштар кесілгенін айтып, шағымдануда. Осыған байланысты Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы түсініктеме берді.

– Мамандар экобелсенділермен бірге оқиға орнына барды. Бірақ оларды аумаққа кіргізбеді. Дронның көмегімен түсірілген видео бойынша 300-ге жуық ағаш рұқсатсыз кесілген. Материалдар табиғат қорғау прокуратурасына жіберілді, – деп мәлімдеді басқарма өкілдері.

Көпшілік кесілген ағаштардың арасында Қызыл кітапқа енгендері бар деп болжайды. Өйткені, ол маңмен күнделікті жүретін тұрғындар ағаштармен дос болып та үлгерген.

Қала тұрғыны Айдар Тұрғынбек аталған маңдағы ағаштармен 50 жылдан астам уақыт таныс. Оны әкесі балабақшаға апарған кезде жасыл желекті көлеңкелеп, жетектеп апарған екен. Сондықтан ол үшін ондағы әрбір бұта маңызды. Енді қала тұрғындары тым болмаса қалған жасыл желекті сақтап қалғысы келеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«Жасыл аула» акциясының шарттары бойынша алматылықтарға аулаларды көгалдандыру үшін көшеттер тегін беріледі. Тұрғындар емен, шаған, жұпаргүл, каталпа, сумах секілді ағаш көшеттерін таңдай алады.

Шараға қатысатын көпқабатты үй тұрғындары көшеттерді өз үй аулаларында отырғыза алады. Бірақ науқанға қатысушылар екі жыл бойы отырғызылған ағаштарды күтіп-

Тегін көшеттерді қалай алуға болады?

баптау туралы кепілдік міндеттемеге қол қоюы тиіс. Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинскаяның айтуынша, көшеттерді тарату қазан айының соңы мен қарашаның басына жоспарланып отыр.

Тұрғындар тегін көшет алу үшін төмендегідей бірнеше құжаттарды толтыруы қажет:

- Бастаманы қолға алған тұлғаның толық аты-жөні және байланыс деректері, көшетті отырғызу орнының нақты мекен-жайы;
- Көшетті отырғызатын жоспарланған орынның бірнеше фотосуреттері (мүмкіндігінше панорамалық фотосурет қажет, бұл ЖЭБ мамандарының орналасқан жерді бағалай алуы үшін қажет);
- Көшеттердің қажетті санын және олардың тұқымдас түрін жазу.

Толық ақпарат Жасыл экономика басқармасының әлеуметтік желідегі парақшасында және esovid.kz. сайтында жарияланатын болады.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



УСТАЗДАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
қалалық Білім басқармасының басшысы:

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



– Ләззат Әуезханқызы, жаңа оқу жылы басталғалы да біршама уақыт өтті. Қазір бірқалыпқа түскен сияқтысыздар. Әңгімені биылғы білім жүйесіндегі жаңалықтардан бастасаныз...

– Қашаннан жаңалыққа толы білім саласы биылғы жылы да өзгерістерге толы болып басталды. Мектептер дәстүрлі форматқа көшіп, оқушылар білім ұясына оралды. Сонымен қатар, Алматыдағы орта білім беру ұйымдарының қатары жаңадан ашылған 11 жеке-меншік мектеппен толығып, 289-ға жетіп отыр. Олардың 278-і мемлекеттік, 82-сі – жеке-меншік мектеп. Биыл қала мектептеріндегі оқушылар саны өткен жылмен салыстырғанда 12 мыңға артты. Дәл қазір Алматыдағы орта білім мекемелеріндегі оқушылар саны 300 мыңнан асып кетті. Биыл мектеп табалдырығын аттаған оқушылар саны да күрт өсіп, 1-сыныпқа 30 751 оқушы қабылданды. Бұған қоса, мемлекеттік білім беретін мектептермен қатар, жекеменшік мектептердегі оқушылар санының едәуір артқаны байқалады.

– Қалада мұғалімдер тапшылығы бар ма? Оқушылар оқулықпен қаншалықты қамтылды?

– Дәл қазір қала мектептерінде 21 мыңнан астам мұғалім еңбек етіп жатыр. Мұғалім мәртебесі артып, әлеуметтік жағдайы жақсарғалы мәртебелі мамандықты тандаған жастардың қатары көбейді. Биылғы жылдың өзінде 669 жас маманды қызметке қабылдадық. Иә, қазір мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Сондықтан әдістемелік қолдау, оқыту семинарларын, тренингтер мен курстар өткізу жалғасуда.

Биыл да 1–11-сынып оқушылары мектеп кітапханаларындағы оқулықтармен, 1-сыныптар жаңа оқулықтармен 100 пайыз қамтылды. Жаңа оқулық сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 2 млрд.-тан астам теңге бөлінді.

– Қазір оқушылар қалай оқып жатыр?

– Әрине, біз үшін ең бастысы – баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы. Сондықтан біз биылғы жылы оқу үдерісін ұйымдастыру барысында бірінші кезекте қаладағы күрделі эпидемиологиялық жағдайды баса назарға алып, оқу процесін бір мезгілде үш бағытта жүргізіп жатырмыз. Онлайн оқыту кезінде сыныптардағы оқушылар саны 25-тен аспауға тиіс болғандықтан қазір осы талап қатаң сақталуда.

Жалпы, қазіргі таңда мемлекеттік мектептің 40%-ы дәстүрлі форматта оқып жатыр. Білім берудің аралас оқыту бағыты бойынша оқушылар негізгі пәндерді мектепте, қалған пәндерді қашықтан оқиды. Мұндай оқыту форматымен бүгінде мемлекеттік мектептің 55%-ы білім беріп жатыр, ал онлайн бағыты бойынша, яғни оқушылардың 5 пайызы қашықтан білім алуда. Әрине, қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға барлығымыз жауапкершілікпен қарап, барынша сақтық танытуымыз керек. Бұл ретте инфекциямен ауырған балалар, сырқаты бойынша қауіп тобына кіретін, науқастармен байланыста болған оқушылар, сондай-ақ, ата-аналардың өтініші бойынша қашықтықтан оқып жатқан балалар бар.

Сонымен қатар, қазіргі кезде 207 мемлекеттік мектептің 9-ы ғана бір ауысымда, қалған 198 мектеп екі ауысымда оқып жатыр. Барлық мектепте оқушылардың оқу жүктемесіне қарай, 5 және 6 күндік оқыту ұйымдастырылды.

Дәстүрлі оқу форматына көшкенімізбен, негізгі жүктеме мұғалімдерге түсіп отыр.

– Ләззат Әуезханқызы, егер оқушының қызуы көтерілсе, қандай да бір аурудың белгісі байқалса, онлайн форматқа көшіріле ме?

– Барлық білім беру мекемелеріне орна-тылған «Ashuq» жобасының көмегі көп болып отыр. Оқушы мектепке кірген бетте осы құрылғы арқылы қызуы өлшенеді, егер ауырып тұрса, бірден байқалады. Ондай кезде оқушыны бірден оқшаулаймыз. Егер оқушының өзі немесе ата-анасы ауырса, бірден қашықтан оқуға жіберіледі. Сонымен қатар, қазіргі жағдайға байланысты мектепке бөгде адамдардың кіруіне, бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатаң тыйым салынып отыр. Өздеріңіз де білесіздер, қазір «бір сынып – бір кабинет» қағидаты қатаң сақталып, бұрынғыдай пән кабинеттеріне ауысып оқымайтын болды. Олар фойе мен дәлізде белгі көрсетілген блоктар бойынша ғана жүруге міндетті.

– Оқыту мазмұны бойынша да біраз өзгерістер бар деп қалдыңыз, негізгілеріне тоқтала кетсеңіз...

– Ең алдымен, «Әліппе» мен «Букварь» қайта оралды. Білім жүйесіндегі олқылықтардың орнын толтыруға баса назар аударылып, оқушылардың оқу жүктемесі азайды. Сонымен қатар, үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс жүргізілу де қолға алынып отыр. Бүгінгі күнгі ең өзекті мәселе инклюзивті орта мәдениеті қалыптасатын болды. «Оқу мектебі», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру әрі қарай да жалғаса береді. Сабақтың ұзақтығы 45 минут болды.

– Мектеп асханаларындағы талаптар қалай бақыланады?

– Дәстүрлі оқу басталған соң мектеп асханаларының да жұмысы басталды. Оқушылардың тамақтануына қатысты қажетті шаралар қабылданды. Жалпы, мектеп асханаларының мәзірі қала бойынша бірыңғай тамақтану нормалары мен Қазақ тамақтану академиясы бекіткен арнайы ережеге сай жүргізіледі.

– Әлеуметтік көмек пен қолдау жөнінде не айтар едіңіз?

– Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың 1–11-сыныпта оқитын оқушылары күніне бір рет тегін ыстық тамақпен қамтылатын болды. Биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары үшін жергілікті бюджеттен мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін 35 мың теңгеден ата-ананың жеке карточкасына аударылды. Көмектің бұл түрі 23 420 мыңнан астам оқушыға көрсетілді.

– Колледждердегі білімге де тоқталсаңыз...

– Биыл қаламыздағы 83 колледждің қатары тағы да бір мемлекеттік колледжбен толығып, спортшы балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты енді колледж болу үшін лицензия мен рұқсат алды.

Қазіргі таңда қала колледждерінде 68 мыңнан астам студент оқып жатыр. Олардың 11 534-і мемлекеттік тапсырыс бойынша қабылданды. Әлі де студенттерді кешкі және сырттайғы оқуға қабылдау жалғасып жатыр. Сондықтан мамандық алып, маман болам деген жастардың білім алуына мүмкіндік бар. Колледждерде 67 мыңнан астам студент дәстүрлі, 800-ден астам студент онлайн оқып жатыр. Қазір барлық колледжде оқу шеберханалары, зертханалар санитарлық талаптарды сақтап, өз жұмысын қайта бастады. Сонымен қатар, колледждердің 10 жатақханасында басқа өңірден келген 1736 студент тұрып жатыр.

– Ләззат Әуезханқызы, қаланың Бас ұстазы ретінде әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

– Мен әріптестеріме «ата-аналар өздерінің ең қымбатты, көзінің қарашығындай балаларының тағдырын сеніп тапсырып отыр. Осы сенімге адал болайық» деп үнемі айтып отырамын. Осынау қызығы мен қиындығы мол мамандық иелеріне, ең алдымен, денсаулық, сосын сабырлық тілер едім. Ұстаздар мерекесі құтты болсын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

ҰЛАҒАТТЫ СӨЗ

Аягүл МИРАЗОВА, ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері:

Бәріне бұйыра бермейтін бақыт

Адам өмірде өз мамандығын адаспай тапса, өзі де, өзге де үлкен табысқа, зор биікке қол жеткізеді екен. Мен бұл сөзді өз өмірімді мысал етіп айтып отырмын. Әрине, бақ та, бедел де еңбекпен ғана келеді. Талмай тер төккенде ғана іздегенің алдыңнан табылады. Мен осынау өмір жолымда өз мамандығының маманы болып, майын ішкен талай жанмен тағдырлас болдым. Бұл күнде олардың талайы келмеске кетіп те қалды. Ал еліміздің Тәуелсіздігіне өз үлестерін қосып, жалындаған жастарға тәрбие мен білім беріп келе жатқан ұстаздарымызды әрқашан мақтан етіп отырамын.

Мен үшін өз ісін шексіз сүйетін, өз ісінің білгірі, жан-жақты, жанашыл, заманауи педагог ғаруһар тас іспеттес. Сан мамандық ішінен жауһарын иеленген қаламыздағы М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия басшысы Сәния Тілеубайды мен «ақылдың тозбайтуғын асылы» дер едім. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби: «Адам да гүл сияқты, жақсы күтіп, баптап тәрбиелемесе, қурап қала-

ды», – деген екен. Біз білетін Сәния Өскенбайқызы балаға күнделікті күтім жасаудың тәсілін білетін, білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдерін меңгерген жан. Өзі талантты ұстаздың шәкірттері де дарынды.

Нағыз кәсіби шебер ұстаз атану оңай емес. Ол – бәріне бұйыра бермейтін несібе. Осы орайда, мен заманауи педагогті қырағы қыранға теңер едім. Заманның көшінен қалмай, жаңашылдыққа ден қойып, әрқашан «Нағыз педагог», «Кәсіби шебер ұстаз», «Үлгілі мұғалім» деген атқа лайық болуға ұмтылып, шығармашылық пен ізденіс әлемінде қанат қондырған жан, сірә, осындай болса керек. Бұл – заман талабы, шәкірт сұранысы, болашақ қажеттілігі.

К.Д.Ушинский «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген екен. Үнемі шығармашылықпен айналысатын, түйгені мен білгені мол жанның ізденісі тоқтамаса керек.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МЫҚТЫЛАР МИЛЛИОНЕР АТАНДЫ



Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Кәсіби мереке қарсаңында ең таңдаулы ұстаздардың есімі белгілі болды. Еліміздің ең таңдаулы ұстаздары бас қосқан сайыста Алматы қаласының қатысқан үш бірдей ұстаздың бағы жанды.

Сонымен, 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Үздік педагог» байқауына биыл еліміздің 173 мұғалімі

қатысып, бағын сынаған еді. Олардың қатарында №148 мектеп-гимназияның бейнелеу пәні мұғалімі Қанағат Көдеков, №178 лицейдің физика пәні мұғалімі Гүлнар Слямғалиева мен Қонақжайлық және индустриалды туризм колледжінің оқытушысы Гүлім Өмірбекова бар.

«Үздік педагог» атанған жеңімпаздарға Білім және ғылым министрлігінің арнайы төсбелгісі мен 3 миллион теңге сыйақы табыс етілді.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

Бар жақсымыз – балаларға!



Еліміз бойынша дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясы биылғы жылы да жалғасын тапты. Осынау қайырым мен мейірімге толы іс-шараның барысында қаншама бала қатарластарынан қалмай мектепке барды. Қолына қалам алып, қара таныды. Аталмыш акцияның арқасында қаламыздағы №6 мектеп-гимназияның әлеуметтік аз қамтылған 10 оқушысы мектеп сөмкесімен, тағы да 58 оқушы қаржылай көмек алды.

– Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары үшін ерекше қуандым. Олар да басқа балалардан қалыспай, мектепке қажетті оқу-құралдарымен қамтылды. Біздің еліміздегі жалғасын табатын жақсы дәстүрдің бірі – «Мек-

тепке жол» акциясы болғандықтан, әлі де жалғаса берсе деймін, – дейді №6 мектеп-гимназияның ата-анасы Елена Геннадиевна.

Аталмыш іс-шара мұнымен де шектеліп қалмады. Барлық мектеп оқушыларына оқулықтар табыс етіліп, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына қажетті мөлшерде мектепке қажетті оқу-құралдары таратылды. Сонымен қатар, мектеп оқушылары медициналық бетперде мен анти-септикермен толықтай қамтылды.

Р.ДОСАНОВА,
Г.МАҒАФИРИНА,
№6 мектеп-гимназия
директорының орынбасарлары.



ТӘУЕЛСІЗДІК–30



Арман ЖҮДЕБАЕВ,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының ректоры, ҚР еңбек
сіңірген қайраткері, Алматы қаласы
мәслихатының депутаты:

«ҚАЗАҚСТАН – ДАРЫНДЫ ЖАСТАР МЕКЕНІ»

Бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде Жастар қоғамдық кеңестері құрылып, өз жұмыстарын жүргізіп отыр. Біз биыл сайланған мәслихат депутаттары құрамымен бірлесе отырып, Алматы қаласы бойынша әр салада белсенділік танытып жүрген, білімді, жаңашыл, дарынды жастарды іріктеп, кеңес мүшелерін жасақтадық. Кеңестің жұмыс жоспарын бекіттік. 2025 жылға дейінгі жоспар бойынша жасалған Жол картасындағы жастарға қатысты жобалардың, басқа да бағдарламаларда көрсетілген міндеттердің орындалуын назарға алып, қадағалау жұмыстарын атқарып отырмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы тұжырымдағандай, «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз». Біздің қоғамымыздың болашағы жастарымыздың даму деңгейіне және олардың қоғамға ықпалдасуына тікелей байланысты деп есептеймін. Сондықтан жастар саясатының басымдықтары қалалық мәслихаттың негізгі бағыттарының бірі екенін баса айтқым келеді.

30 ЖЫЛ – БІР ҰРПАҚ БЕЛЕСІ, МЕЖЕЛІ МЕРЗІМ

Қазақ Елінің егемендігін еншілеп, тәуелсіздігін тұғырлатқанына биыл 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Бұл жолда қанша ата-бабаларымыз құрбан болды. Әуелі патшалық Ресей империясының отарлау саясаты, одан кейін Кеңес үкіметінің тоталитарлық нәубет заманы – ашаршылықтан, саяси қуғын-сүргіннен, репрессия салдарынан халқымыз талай асылдарынан, рухани құндылықтарынан, тарихи жәдігерлерінен, салт-дәстүрлерінен айырылып, ұлттық болмысын жоғалтып ала жаздады.

Өрісі сол бір зауалды замандардағы ата-бабаларымыздың, кеңестік бодандықтың 70 жылдық құрсауына түссе де иілмей, азаттық жолында жанкештілікпен күрескен алашордашылардың, берісі ақтаңдақ жылдар ақиқатын ашуға ұмтылған аға ұрпақ өкілдерінің, қайраткерлеріміздің, әлемді дүрліктіріп, ұлт намысы жолында құрбан болған желтоқсандық жастардың табанды күресі, тілегі, арманы Қазақ Елін тәуелсіздікке жеткізді.

ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗ ІРГЕЛІ ЕЛГЕ АЙНАЛДЫ

Тәуелсіздіктің елең-алаң жылдарында Кеңес үкіметінен қалған тозығы жеткен, технологиясы ескірген өндіріс орындарының тұралай бастауынан, азық-түлік өнімдері мен қажетті тауарлардың тапшылығынан, тағы да басқа көптеген дүниелердің жетіспеушілігінен қиын кезеңдерді бастан кешірдік. Жас мемлекетіміздің іргелі елге айналуына Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев орасан зор еңбек сіңірді. Әсіресе, Елбасының ең маңызды шешімдерінің бірі – әлемдегі төртінші ядролық қару арсеналына ие бола тұра, одан бас тарту үлкен ерлік еді. Еліміз жаһандағы бейбітшілік жаршысы атанды.

Тәуелсіздік жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында еліміздегі тарихи-мәдени нысандар жаңғыртылып, әлемнің ең белді мұрағаттарынан төл тарихымызға қатысты деректер жиналып зерделенді. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Елбасы төл тарихымызға терең үңіліп, ұлттық кодты негіздеу, тарихи сананы

жаңғырту мәселесін көтерді. «Болашақ» бағдарламасы аясында жастарымыз алыс-жақын шет елдердің маңдайалды жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алса, «100 жаңа есім» жобасы тәуелсіз республикамыздың қарқынды дамуына қоғамның түрлі салаларында аянбай, риясыз қызмет етіп жүрген еңбекқор, отансүйгіш, білімді, дарынды азаматтарымыздың еңбектерін бағалап, оларды қолдап, ынталандыру мақсатында жолға қойылған озық жоба болды. Тұңғыш Президент бастамасымен еліміздегі түрлі салаларда басқа да көптеген игі істер жолға қойылып, өз жалғасын табуда.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАУ – ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Елбасының бастамаларын қолдап, бағдарлық жобаларды жалғастырып, дамудың жаңа сатысына қадам бастап отыр. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында еліміздің алдағы кезеңдегі дамуының бағыт-бағдарын жан-жақты айқындап берді. Маңызды құжатта ең басты міндет – халықтың әл-ауқатын көтеру екені айрықша айтылып, осы мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылатын іс-шаралар жүйесі белгіленді. Мемлекет басшысы педагогтердің мәртебесін арттыру, оларды қолдау ісінің жалғаса беретінін, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде адамзатқа ортақ құндылықтарға аса мән беру, олардың мамандықты дұрыс таңдауына жағдай жасау қажеттігін айтты. Еліміздегі театр, кино, әдебиет, музыка, бейнелеу сынды өнер салаларында шығармашылықпен айналысып жүрген, әсіресе, әлемдік аренада ел намысын қорғап, имиджін көтеруге атсалысып жүрген білімді, өнерлі жастарды қолдау, олардың жаңашыл бағыттағы жұмыстарына тиісті деңгейде баға беріп, сыйлықтар тағайындау, ынталандыру керектігі де Президент назарынан тыс қалмады.

Осы орайда, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұжымы ұлттық өнерді, мәдени-рухани құндылықтарды ұлықтауда бағдарлы жұмыстар жүргізіп келеді. Музыкалық білім ордасында шыңдалған консерватория түлектері еліміздің барлық музыкалық ұжымдарында, концерттік ұйымдар мен оқу орындарында табысты қызмет етуде. Бұл – ел тәуелсіздігінің біздің жоғары оқу орнындағы жетістігі.

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – НЕГІЗГІ БАҒДАР

Биылғы жылдың үлкен саяси науқанмен басталғаны мәлім. Еліміздегі жетекші саяси ұйымдардың бірі «Nur Otan» партиясының бұл науқанда 70 пайыздан аса дауысқа ие болып, жеңіске жеткенін көпшілік жақсы біледі. Қазіргі таңда партия өзінің сайлауалды бағдарламасы бойынша қолға алынған көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді. Әсіресе, жастарға қолдау көрсетуге бағытталған бағдарламаларға басымдылық беріліп отыр.

Үздіксіз даму үстіндегі қазіргі заманда тәуелсіздігімізді нығайтып, азаматтарымыздың рухани-интеллектуалдық әлеуеті мен әл-ауқатын көтеріп, бәсекеге қабілетті, дамыған елдер қатарына қосылып, басқаларға үлгі боларлық жағдайға жету мақсатында ел ертеңі үшін алаңдайтын әрбір азамат мейлінше өз тарапынан болашаққа атсалысуы керек деп есептеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз жарқын болсын!

АЛҚАЛЫ ЖИЫН

СПОРТТЫ ДАМУ МАҢЫЗДЫ

Балаларға арналған тегін спорт клубтарын жан басына қаржыландыру бойынша Алматы республикада бірінші орында



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров онлайн форматта спорт мекемелерінің, соның ішінде балалар мен жасөспірім мектептерінің, кәсіби спорт клубтары басшыларының қатысуымен алқалы жиын өткізді. Жиында Дене шынықтыру мен спорт саласының соңғы 9 айдағы даму көрсеткіштері пысықталды. Атап айтқанда, спорт ғимараттары құрылысының барысы, жан басына қаржыландыруды енгізу, азаматтарды бұқаралық спортқа баулу сияқты өзекті мәселелер пысықталды.

Ержан Бабақұмаров спорт басқармасының басшылығы мен алқа мүшелерінің назарын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген өскелең ұрпақтың спорттық әлеуетін арттыру жөніндегі міндеттерге және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмаларын орындау аясында іске асырылып жатқан жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін (ДСК) уақытылы пайдалануға берудің маңыздылығына баса назар аударды.

Дәл қазір қалалық әкімшілік спорт ғимараттарының құрылысы бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ, «Жаңа Алматы» бағдарламасына сәйкес қала шетінде жаңа жобалар бой көтеріп, жүзеге асырылуда. Тек биылдың өзінде «Зерделі», «Айнабұлақ-2», «Құлагер», «Алатау», «Кемел», «Жас қанат» ықшам-аудандарында 6 дене шынықтыру-сауықтыру орталығы мен бір теннис орталығының құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына

дейін үш нысанды пайдалануға беру жоспарлануда. Жаңа спорт нысандарының тәуліктік сыйымдылығы 5 мың адамды құрайды. Бұған қоса, бюджеттен тыс қаражат есебінен спорт кешендері, велотрек, үстел теннисі орталығы және басқалары бар 5 нысан салынууда.

Жалпы, биыл 61 мектепте 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңдары, сондай-ақ, жаттығу аймақтары мен жүгіру жолдары бар спорт ғимараттарын жаңарту жоспарлануда. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 8 спорт алаңын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, 4 стадиондағы жұмыс аяқталды. Қалған мектептердің құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау биылғы жылдың желтоқсанына жоспарланып отыр. Қала бойынша балаларды тегін спорт секцияларымен қамтуды кеңейту мақсатында жан басына қаржыландыру тетігі белсенді қолданылып, 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған тегін секцияларға арналған мемлекеттік тапсырыс спорттың 71 түрінен жүзеге асуда.

– Қалада спорт мекемелерімен қатар 100 демалыс орталығы бар. Соның 36 спорт секциясы мен үйірмелері 8 мыңнан астам адамға ақысыз қызмет көрсетеді. 2023 жылға қарай орталықтар санын 200-ге дейін, ал биыл қосымша 50 орталыққа жеткізу жоспарлануда, – деді Ержан Бабақұмаров.

Алқалы жиынның қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров мегаполис әкімі Б.Сағынтаев спорттық инфрақұрылымды жаңарту бойынша ауқымды шаралар қабылдап жатқанын атап өтті.



АКЦИЯ

«Туған елге мың алғыс!»

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Алматының іргесіндегі Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық паркінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті «Туған елге мың алғыс!» акциясын өткізді.

Іле Алатауы ұлттық паркі аумағындағы межелі жерге дейін арнайы көлікпен жеткен қызметкерлердің бәріне жұмысшы қолғабы мен бір-бір қап үлестірілді. Мақсат – өзен бойлап айналада шашылып жатқан қоқысты жинау. Бір жағы шымылдыққарағай бойлай өскен, екінші беті суретші палитрасындағы күзгі бояулардың бәрін көз алдына келтіретін таудың ғажап көрінісіне тамсана қарадық. Демалушылардың қарасы көп. Табиғаттың таңғажайып сұлулығына сұқтана қарап жүріп-ақ негізгі шаруасын ұмытпаған мекеме қызметкерлерінің қолындағы қапшыққа көзім түсті. Өкінішке қарай, көркіне көз тоймайтын тау қойнауы өзен жиегіне тасталған пластик бөтелкелер, целлофан қаптар, салфетка қағаздар, түрлі сусындардың шыны һәм темір құтылары аз ғана уақыттың ішінде әрбір қыз-жігіттегі қапшықтың бүйірін томпайтып үлгеріпті. Айналы тазартып жүрген осы топты көрген демалушылар өздері тастаған қоқысты да біздің мойынға «іле салғысы» келді, келді деймін-ау, алып кетуімізді сұрады. Сірә,

сенбілікке шығуға, айналы тазалауға міндетті адамдар деп ойласа керек. Өздері секілді демалуға келген мемлекеттік мекеменің қызметкерлері екенін қайдан білсін!? Сондағы демалушылардың бірі жол бойын ешкім беталды ластамайтын, бірақ өзен жағалай жүргенде қалай болса, солай тасталған қоқыс көптеп табылатынын айтқан. Шынында да солай, ағаштардың арасынан байқала қоймайтын небір қалтарыс-бұлттары жерлерге біршама керексіз заттар үйіле берген. Көзге көрінген босаған құтылар мен бір реткі пайдаланылатын түрлі ыдыстар, ешқашан шірімейтін целлофан дорба. Өркениет дегеніміздің өзі қоқыс екен ғой түсінген жанға.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Дамир Малгельдиев пен Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы Танаат Айдарбековтің ортақ мәмілесінің арқасында демалушыларға арналған орындардың бірінде мекеме қызметкерлерінің әрқайсысы атсалысып ұйымдастырған түскі асқа жиналды. Домбырамен ән де шырқалды, әзіл де айтылды. Түрлі аталымдар бойынша қызметкерлерге Алғыс хат та берілді. Ал ең бастысы, Іле Алатауы паркінің бір бөлігі қоқыстан тазарды.

Айгүл БОЛАТХАНҚЫЗЫ.



САРАПТАМА



Бүгін – Сәбилер күні. Бұл күн дүние жүзінде туу көрсеткіші жақсарып, дені сау ұрпақтың өмірге келуін қолдау мақсатында белгіленген. Аталған мерекенің еліміз үшін де маңызы жоғары.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МАМАН ПІКІРІ

Асыл ЖИЕНБЕК,
акушер-гинеколог:

Елімізде жыл сайын бала туу көрсеткіші артып келеді. Бұл – қуанарлық жағдай. Өткен жылы бала туу бойынша рекорд орнатылды деуге болады. Бұндай рекордтық көрсеткіш соңғы рет 1987 жылы орнаған болатын. Ол кезде 2020 жылмен салыстырғанда 0,2 пайызға аз болды.

Жалпы, аяғы ауырлағаннан бастап әрбір әйел мен іштегі баланың денсаулығы жеті бақыланатыны белгілі. Медицина дамыды дегенімізбен, дүниеге ауру балалардың келуі бірқалыпты жағдайда десек болады. Кей жағдайларда дәрігерлердің болжағаны тура келмей, ауру деген баланың сау болып туылатыны, ал сау дегендерінің кінәратпен туылатыны да рас. Мысалы, бір жылда шамамен 400 мың бала дүниеге келеді. Оның ішінде патологиялық өзгерістерімен туылған балалар саны 2-3 пайызын құрайды.

Себебі, анализ тапсырғанда қателіктер кетуі мүмкін. Анализ нәтижесінің нақтылығы, жүкті әйел тамақ ішті ме, ұйқысы қанды ма – соған байланысты. Дәрі ішпеуі, қобалжымауы керек. Оның бәрін қаралып жүрген гинеколог дәрігер айтып түсіндіруі тиіс. Өйткені, бұл өте маңызды анализ. Жалпы, елімізде сау нәрестенің туу көрсеткіші 90%-дың үстін құрайды. Бұл – жақсы жаңалық деуге әбден болады. Сау ұрпақ – ел болашағы. Сондықтан «ешқандай бала ауырмасын, ешқандай бала жыламасын» деп тілеймін.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстан әлем елдері арасында туу көрсеткіші бойынша 105-орынға табан тірейді. Көш басында Нигерия елі (475 сәби), Ангола (427 сәби) орналасса, үздік үштікті Уганда елі (423 сәби) тәмамдайды. Ең төменгі көрсеткіш Манока еліне (64 нәресте) тиесілі. Ал елімізде 10 мың адамға шаққанда 164 нәрестеден келеді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда бала туу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 8,4%-ға артқан. 2021 жылдың бірінші тоқсанында елімізде 100,5 мың бала дүниеге келді. Бұл кейінгі жылдардағы тиісті кезеңнің ең жоғары көрсеткіші. Ал 2020 жылдың бірінші

тоқсанында Қазақстанда 92,7 мың сәби дүниеге келген. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 0,8%-ға көп. 2019 жылдың осы кезеңінде – 91,9 мың бала дүние есігін ашқан.

Бүкіл «карантиндік» 2020 жыл ішінде Қазақстан Республикасында 425 мыңнан астам нәресте дүниеге келді, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 6 пайызға артық. Салыстыру үшін 2018 жылдан 2019 жылға көшу кезінде өсім небәрі 1,3%-ды құраған болатын.

Бұл кезеңде қалалық жерлерде туылған сәбилер саны 248,7 мың адамды немесе 58,4%-ды, ал ауылдық жерлерде – 176,9 мың адам немесе 41,6%-ды құрады. Туылған балалардың жартысынан көбі республиканың алты облысында тіркелді. Олар – Түркістан (14,4%), Алматы облысы

(12,7%), Алматы қаласы (8,3%), Шымкент (7,4%), Нұр-Сұлтан (7%) және Жамбыл облысы (6,9%).

Алматы қаласында әйелдер арасында туудың ең көп үлесі 25–29 жас тобына тиесілі (31,4%). 30–34 жастағы әйелдердің туу үлесі – 26,1%-ды көрсетті. 20–24 жастағы әйелдер – 13,5%, 35–39 жастағы әйелдер – 13,5%, қалғандары – 6,7%-ды құрайды.

Жалпы, елімізде бір жылда шамамен 400 сәби дүниеге келсе, оны 2-3%-ы мүгедек немесе ауру болып туылады екен. Дәрігерлердің айтуынша, іштегі балада ақаудың бар-жоқтығын цитогенетиктер зерттеп қарауға болады. Бірақ баланың дамуында кінәрат бар деген шешімді бірден шығармайтынын айтады.

ҰЛТТЫҚ ЖОСПАР

Жаңа жәрдемақы беріледі



Әсел
ДАҒЖАН

Қазан айынан бастап еліміздегі мүгедек жандарға жаңа жәрдемақы берілетін болды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ерлан Әукенов айтты.

«2019 жылы Үкімет қаулысымен мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар қабылданды. Ұлттық жоспар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің, жұртшылықтың қатысуымен әзірленді және 7 бағытты қамтиды. Ол 64 іс-шарадан тұрады, оны 7 орталық мемлекеттік орган іске асырады. Ұлттық Жоспарды іске асыру үшін Еңбек министрлігі мүгедектігі бар адамдардың құқығы мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруде», – деді ол баспасөз мәслихатында.

Спикердің айтуынша, соңғы екі жылда осы бағытта 1 Кодекс,

2 Заң, Президенттің 1 Жарлығы, Үкіметтің 2 қаулысы, Ұлттық банк басқармасының 1 қаулысына, министрліктердің 12 бұйрығына өзгерістер енгізу және әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілген. «Өткен бейсенбі, 23 қыркүйекте Парламент Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қаралып, мақұлданды. Жақын арада заң Мемлекет басшысына енгізіледі, іс жүзінде жуырда оның қабылдануын күтеміз. Заң жобасы бойынша жұмыс 2019 жылы басталды», – деді вице-министр. Оның дерегіне, заңда 19 түбегейлі түзету қамтылған және 16 заңнамалық актіге өзгертулер енгізуді көздейді. «Заң нормаларын жүзеге асыру үшін осы және келесі жылға 55 млрд. теңге бөлінді. Келесі айдан бастап мүгедек адамдар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар жаңа жәрдемақы алады», – деді Ерлан Әукенов.

БАЙҚАУ

ЕҢБЕК БАҒАЛАНҒАН КҮН



Күні кеше өткен Қала күні құрметіне Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы кәсіпкерлік туралы «Voice of business Almaty» атты бейнероликтер байқауын ұйымдастырған болатын.

Байқау шарты бойынша қатысушылар өзі туралы, тұратын жерін, айналысатын жұмысын және отандық бизнесті дамытуға қосқан үлесін баяндайтын қысқа

бейнеролик түсіріп, оны #voiceofbusinessalmaty, #almatyday хештегтерімен жеке немесе бизнес-аккаунттарға жүктеді.

Үш апта ішінде осы бағытта 20-дан астам жұмыс келіп түскен. Қазылар алқасы жұмыстарды жобаның бірегейлігі, әлеуметтік маңыздылығы және көрілімдер, лайктар, пікірлер саны бойынша бағалады. Нәтижесінде 1-орынды «Шарын сыйлықтары» табиғи

шырындарын өндіруші Гүлзира Кәрімбаева, 2-орынды «LegendA» фитнес-клубының негізін қалаушы, онда мүмкіндігі шектеулі адамдардың тегін қызмет алуына жағдай жасап отырған кәсіпкер Александр Легеньчук, ал 3-орынды «Astau Mall» брендінің негізін қалаушы, ұлттық нақышта ағаштан жасалатын ыдыс-аяқ өндіруші Дина Сармантаева иеленді. Жеңімпаздарды Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы сауда бөлімінің басшысы Бекжан Қуанышев құттықтап, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

– Ерекше сезім құшағында тұрмын. Менің соңғы рет қашан дәл осылай шаттанғаным есімде жоқ. Қала басшылығының бізді, оның ішінде жастарды, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді осылай елеп-ескергені, қолдағаны көңілге дем береді. Мен жеңемін деп мүлдем ойламадым. Армандаңыз, жақсы ойлаңыз, алға ұмтыла беріңіз, сонда толағай табыстар сіздікі болады, – дейді 1-орын иегері, мемлекеттің «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша жеке ісін ашуға грант алған көпбалалы ана Гүлзира Кәрімбаева.

Нұр ЖАМАЛ.



COVID-19

НАУҚАСТАР САНЫ АЗАЙДЫ

Айнұр
СЕНБАЕВА

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың айтуынша, Қазақстанда соңғы екі аптада COVID-19 дертіне шалдыққандар 36%-ға төмендеген. Тамыздың екінші жартысынан бастап эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтанғаны байқалады, ауру 3,2 есе, ал өлім 2,7 есе азайды.

Еліміздегі Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстары «жасыл аймақта» болса, 8 өңір – «сары аймақта». Әзірге Алматы қаласы – «сары аймақтағылар» қатарында. «Қызыл аймақта» 5 өңір қалып отыр. Министрдің айтуынша, күніне ауруды жұқтыру жағдайларының саны 3,6 есе азайды. Сондай-ақ, стационарлық емделуде жүрген науқастар санының 27 тамыздағы жағдай бойынша 25

мыңнан 27 қыркүйектегі жағдай бойынша 10,5 мың адамға дейін 2,4 есе азайғаны байқалады.

Қазіргі таңда халықты жаппай вакциналау жалғасуда. Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, бірінші компонентпен 7,5 млн.-нан астам адам егілді, тиісті халықты қамту 75,8% құрады, 2 компонентпен 64,7% қамты отырып, 6,4 млн.-нан астам адам егілді.

Министр вакциналау әлі де коронавирусы инфекциясының алдын алудың жалғыз нақты шарасы екенін айтады. Күзгі суық ауа райының басталуымен елімізде әдеттегі тұмауға қарсы вакциналау биыл ол 15 қыркүйекте басталды.

Бірыңғай дистрибьютор «СК Фармация» ЖШС бүгінгі күні тұмауға қарсы вакцинаның 2 526 754 дозасын сатып алды, бұл республиканың жалпы халқының 13%-ын қамтуға мүмкіндік береді.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Индеттен біржола құтылуға болады



ЖАПОНИЯ ковидке қарсы екпе алатындардың минималды жасын төмендетпек. Елде «делта» штамы өршіп тұрған көрінеді. Балалар арасындағы көрсеткіш те мез емес. Екпе пункттерінде американдық Moderna Inc. фармацевтикалық компаниясының екі дозалы вакцины қолданылуда, оны 12 және одан асқан адамдарға салуға рұқсат етілген. Жапонияда 16 жастан асқандарға екпе салдырту үшін ата-аналары немесе қамқоршыларының рұқсаты немесе олардың бірге еріп жүруі қажет емес. Жергілікті биліктің мәліметінше, Жапонияда 125 млн. халықтың 50%-дан астамы вакцина салдырған. Үкімет екпе алуға құқығы бар барлық адамды қараша айына қарай толық вакциналауды жоспарлап отыр.

ОҢТҮСТІК Корея жерінде халықты вакциналау науқаны қарқынды жүргенімен, индеттің таралуы басылмай тұрған көрінеді. Дәлірек айтсақ, бір тәулікте 3 мыңнан астам адам индет жұқтырады.

Жергілікті сарапшылар вирус жұқтырғандар санының бұлайша күрт өсуін егін жинау мерекесімен байланыстырады. Билік азаматтарды мейрам кезінде сапарға шықпай үйде болуға үндегенімен, 17–22 қыркүйек арасында 32 миллионнан астам адам, яғни халықтың жартысынан көбі аймақтарға саяхаттаған.

Қазір елде бір күнде 200 мың адам ПТР-тест тапсырады. COVID-19-ға шалдыққандардың 85%-дан астамы вакцина салдырмағандар екен. Сондай-ақ, екпенің екінші дозасын алмағандар да жиі ауыратын көрінеді.

ҰЛЫБРИТАНИЯ елінің 91 жастағы тұрғыны Маргарет Кинан бустерлі екпе алды. Әлемде коронавирусы қарсы вакцинаны бірінші болып салдырған әжейге күшейткіш екпе Ковентри қаласындағы университет ауруханасында егілді. Кейуанамен бірге оған алғашқы вакцинаны салған мейірбике де егілген.

Бүгінгі таңда Ұлыбритания вакциналау бойынша көш басында келе жатқан елдердің бірі. 67 миллиондай тұрғыны бар бұл мемлекетте халықтың 82%-ы толық вакциналанды. Ал екпенің бірінші дозасын алғандар көрсеткіші 90%-ға жеткен.

АРГЕНТИНА мемлекетінде коронавирусы жұқтырғандар саны 5 миллионнан асқан. Сондай-ақ, елде коронавирусы жұқтырған пациенттер арасында орын алған өлім-жітім жағдайы соңғы тәулікте бұрынғыдан артып, 115 мыңға жеткен.

Айта кететін жәйт, Аргентинаның көмелет жасына толған тұрғындарының 50%-ы вирусқа қарсы вакцинаның екі компонентін де алған.

УКРАИНА да жұқпалы индет жұқтырғандар саны жағынан алаңдаулы. Ковидпен ауырғандардың саны бір күнде 9 мың адамнан асып жығылған.

Кешегі тәулікте 140 тұрғыны COVID-19-дан қайтыс болған.

Жергілікті мамандар ковидтен қорғандың ең тиімді жолы – вакциналау деп отыр. Ковидке қарсы екпе ауруханаға түсу қаупін, әрі аурудың ауыртпалығын 15 есеге дейін азайтады дейді олар.

ИНДОНЕЗИЯ «Sinovac» компаниясынан коронавирусқа қарсы вакцинаның жаңа партиясын алды. Яғни «Sinovac» вакцинасының 2 миллион дозасы жеткізілген. Бұған дейін бұл ел Қытайдың Қызыл Крест ұйымынан «Sinopharm» вакцинасының 200 000 дозасын алған болатын.

Индонезияда бір күнде ковидтан 160 адам қайтыс болған. Вирус-тан көз жұмғандардың ең көбі Ачех провинциясының тұрғындары.

ДДСҰ ғалымдардың жаңа тобын құрып, ковидтің шығу себебін тағы да зерттемек. Аталған топқа зертхана қауіпсіздігі, биокорғау және генетика мамандығынан 20 адам кіреді деген болжам бар.

Зерттеу Қытай мен басқа мемлекеттерде жүргізіледі. Ғалымдар индеттің болашақта таралуының алдын алу үшін қажетті мәліметтер жинамақ. «Pfizer» компаниясының бас директоры А.Бурла адамдар коронавирусқа қарсы жыл сайын вакцина салдырған жағдайда әлем қалыпты өмірге оралады деп мәлімдеді. Оның ойынша, екпе алу арқылы ғана индеттен біржола құтылуға болады. Өйткені, ғалымдар жасаған вакциналар адамды тек бір жыл ғана қорғай алады.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

#ЕКПЕАЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Галия ҚАЙСАНОВА,
қала тұрғыны:

– Вакцина алу әлемді шарлаған индеттен сақтанудың басты жолы болып табылады. Әрине, бұл ең бірінші кезекте өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін қажет деп білемін. Сондықтан әр адам өзін, отбасын, әріптестерін ойлап, екпе алғаны дұрыс деп есептеймін. Оның үстіне өзім мемлекеттік мекеме басшысы болғандықтан күнделікті көптеген адамдармен жұмыс істеймін. Осылайша өзімнің де, өзгенің де өміріне жауапкершілікпен қарай отырып, екпе алдым, осындай қадам жасадым.

Гүлжамал ШЫНАСЫЛОВА,
мұғалім:

– Екпе алғаным 1 айдай уақыт өтіпті. Бастапқыда үш күн бойы дәрігерлердің бақылауында болдым. Ешқандай кері әсер байқалмады. Қазіргі таңда жұмысымды бірқалыпты істеп жүрмін. Әрине, көңілімде индеттен туған үрей болды. Мен оны жеңдім. Осы күдік адамдардың екпе алуына да кері әсер етіп тұрғандай. Қаламыздың барлық тұрғындары екпе алу арқылы индетті толық жеңіп, қалыпты тіршілікке оралатын күннің жақын қалғанына сенуіміз қажет.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

МОНИТОРИНГ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ
САҚТАУ – ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДААлматыда қоғамдық көліктерде санитарлық нормалардың сақталуын
тексеру жалғасудаАйнұр
НҮРСАБЕТ

Алматыда коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу үшін жылжымалы құрамның санитарлық жағдайы бойынша қоғамдық көліктерге тексеру жүргізілуде. 28 шілде мен 27 қыркүйек аралығында 913 қалалық көлік бірлігінде заң бұзушылықтар анықталды. Мониторингтік топтардың өкілдері тек жолаушыларда ғана емес, жүргізушілерде де қорғаныс бетперделерінің болуын тексереді.

Алматы әкімдігінде атап өткендей, рейд барысында бақылаудан басқа, қоғамдық орындарға бару және жол жүру кезінде бетперделік режим мен әлеуметтік қашықтықты сақтау қажеттілігі түсіндіріліп, профилактикалық әңгімелер жүргізіледі.

Тексеру кезінде қоғамдық көлікте бетперде режимін сақтамағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы 1-бөлігі бойынша барлығы 178 адам және бір кәсіпорын әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Мәселен, 27 қыркүйек күні сағат 19.20 шамасында жүргізілген мониторинг барысында тексерушілер Назарбаев даңғылы бойымен жүретін №127 бағыттағы автобустың жүргізушісі тарапынан заң бұзушылықты анықтады. Салонда ол бетпердесіз болды, қоғамдық көлік жолаушыларына да ескерту жасалды.

ДЕРЕК

Ковид әлі де
күшінде

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, 2021 жылдың 29 қыркүйегіндегі ақпаратқа жүгінсек, мегаполис бойынша коронавирусқа қарсы вакцинаның 1-ші компонентін бір тәулікте 2324 адам, ал 2-ші компонентін 4636 адам алған.

Жалпы, 1 ақпан мен 28 қыркүйек аралығында қала бойынша 1-ші компонентті – 948 526 адам, 2-ші дозасын 851 423 адам салдырған. Вакцина алған тұрғындардың ішінде 60 жастан асқан карт кісілердің саны – 117 969.

Бүгінгі таңда шаһарда барлығы 160 вакциналау пункті жұмыс істейді.

Бірақ ковид индеті бізді әлі де уысында ұстап тұр. 28 қыркүйек күнгі жағдай бойынша коронавирус инфекциясын жұқтырған 426 адам тіркелді. Оның 408-інде симптомдық белгілер бар, ал 18-і симптомсыз. Инфекциялық стационарларда (5230 төсек-орын) 1788 науқас емделіп жатыр. Оның 53-і бала.

Бүгінгі таңда МСАК пен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 4448 науқас тұр. Олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде – 4190, симптомсыз 159 науқас бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Samat SERIKBAYULY.

Бұдан басқа, Түркісіб ауданының мониторингтік топтары 20–27 қыркүйек аралығында Алматы әуежайы мен «Алматы-1» ТЖ вокзалына тексеру жүргізді. Мониторинг барысында жеке тұлғалар тарапынан 12 заң бұзушылық анықталып, хаттамалар толтырылды.

Айта кетерлігі, Алматының 20 қоғамдық көлік кәсіпорнында жолға шығар алдында көлік құралдарын ылғалды тазарту жұмыстары, дезинфекциялау жүргізіледі. Кәсіпорындарда жылжымалы құрамды үздіксіз өңдеуді қамтамасыз ету үшін жеткілікті дезинфекциялық құралдар қоры

бар. Санитарлық дәрігерлер Алматы тұрғындары өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау керектігін ескертеді, өйткені эпидемиологиялық тергеу мәліметтері бойынша коронавирусты жұқтыратын негізгі орындардың бірі – қоғамдық көлік болып табылады, мұнда дерт жұқтыру деңгейі 19%-ды құрайды.

Алматы қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын өздерінің және жақын адамдарының денсаулығын сақтау мақсатында қоғамдық орындарда, оның ішінде қоғамдық көлікте эпидемиологиялық талаптарды сақтауға шақырады

ВАКЦИНА

«Naruvax-C19»
зерттеуге дайын

Қазақстандық «Naruvax-C19» вакцинасы соңғы кезеңге жетті және адам ағзасындағы клиникалық зерттеулерге дайын. Бұл туралы халықаралық вакциналау орталығының директоры Қайсар Табынов «Қазправдаға» берген сұхбатында айтты.

Зерттеушілер мақалаларға тәжірибе жасауды аяқтады, оған дейін тышқандар мен хомяктарға зерттеу жүргізген. Нәтижесінде вакцина жануарларды инфекциядан қорғап қана қоймай, вирусты 100% бейтараптандырған.

Қ.Табыновтың айтуынша, маймылдарға жасалған жұмыстар туралы соңғы иммуногенділік деректерді алғаннан кейін, адамдарда тестілеу жұмысын бастауға болады.

Адам ағзасындағы «Naruvax-C19» клиникалық сынақтары мұқият дайындық-ты қажет етеді. Бірінші сынақ



вакцинаны әзірлеуші топқа жасалады.

«Бүгінде коронавирусқа қарсы вакциналардың ешбірі инфекциядан толықтай қорғай алмаса да, аурудың ауыр өтуінің және ауруханаға түсудің алдын алады. «Naruvax-C19» туралы айтатын болсақ, бұл препарат әлі клиникалық сынақтардан өтпеген, сондықтан қорытынды жасауға ертерек», – деді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БРИФИНГ

БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Алматылық эпидемиологтер қауіпті індеттің біршама төмендегенін айтты. Дегенмен, мамандар халықты босаңсымауға шақырды әрі вакцина алуды күшейту керектігін де ескертті.

Қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте вирустың әлі жойыла қоймайтынын, күн сайын 420-дан астам адам індет жұқтырып жатқанын атап өтті.

Спикердің айтуынша, Алматыдағы қазіргі жағдайға қатысты болжам аса көңіл көншітерлік емес. Мысалы, соңғы тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 426 жағдай тіркелген. Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасында қала «қызыл аймақта» тұр.

«COVID-19 қоздырғышының «дельта» патогенділігінің төмендеуі үрдісі байқалды. Бұған «симптомдық» науқастардың үлес салмағының қыркүйектің басындағы 96%-дан 27 қыркүйекте 92%-ға дейін төмендеуі дәлел. Қазан айында КВИ жұқтырушылардың саны тәулігіне 40-тан 100-ге дейінгі аралықты көрсетіп, осылайша төмендеуі мүмкін деп болжанып отыр», – деп атап өтті ведомство басшысының орынбасары.

Шаһардағы қазіргі эпидемиологиялық жағдай бойынша қала тұрғындарының им-

мундық деңгейі 50%-ға жетті. Ресми мәлімет бойынша халықтың 43%-ы вакцинаның екінші компонентін алса, +7%-ы жыл басынан бері сауығып кеткендер.

Маман Алматы қаласының 20–39 жас аралығындағы тұрғындары коронавирус инфекциясына бейім екендігіне ерекше тоқталды. Еңбекке қабілетті жастағы адамдардың жиі сырқаттанып жатқаны алаңдатады. Бұл – соңғы екі аптада алматылық эпидемиологтер жүргізген талдау нәтижелері.

«14 жасқа дейінгі балалар арасында ауру көрсеткіші 3,3%-ға өсті. Бұған мектептер мен отбасылардағы инфекцияны жұқтырудың жиілегені себеп болып отыр. 20–39 жастағы азаматтардың коронавирус инфекциясын жұқтыру көрсеткіші – 28%, 40–59 жастағылар – 22% және 60 жастан асқан адамдар – 23%», – деді Ә.Қалықова.

Эпидемиологтер бөлшек сауда орындарында инфекцияның – 3%-ға, азық-түлік бөлшек сауда желілерінде, супермаркеттерде – 2,5%-ға, азық-түліктік емес дүкендерде – 1,7%-ға, метрода – 0,6%-ға, қоғамдық тамақтану орындарында (мейрамханалар, кафелер, түнгі клубтар) – 0,8%-ға, монша, сауналарда – 0,5%-ға, дәріханалар, медициналық мекемелер, банктер, пошта, демалыс саябақтары сияқты объектілерде 0,1%-ға өскенін айтты. «Қалада коронавирусқа байланысты жағдай шиеленісіп тұрғандықтан, сақ болған абзал» деп отыр мамандар.



Тәртіп бұзғандар айыппұл арқалады

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабұлов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында қанша алматылықтың екі апталық үй карантинін бұзғанын айтты. Барлық тәртіп бұзушылар ӘҚБтК-нің 425-бабының 1-бөлігіне сәйкес, 30 АЕК (87 510 теңге) көлемінде айыппұл төледі.

С.Байғабұловтың айтуынша, Алматыдағы «Ashyq» жүйесіндегі QR кодын сканерлеу нәтижесі бойынша «қызыл» мәртебесі бар 2 188 азамат анықталған, ал науқастармен байланыста болған «сары» мәртебегілерге 750 оқшаулау туралы ескерту берілді. Ашық дереккөздерде 2024 карантинді бұзушының аты-жөні жарияланды.

«Алматыда «Ashyq» жобасымен барлығы 10 045 қатысушы жұмыс істейді және 12 805 ерікті қатысушы бар. «Ashyq» объектілерінде қиреберісте сканерлеу кезінде 9999 тұрғын – «қызыл», 1061 тұрғын – «сары» мәртебеге ие болған», – деді спикер.

Алматы СЭБД өкілі «Ashyq» жобасы бас-талғалы бері мегаполистің 11 060 тұрғыны

оқшаулау режимін бұзып, жобада жұмыс істейтін нысандарға баруға тырысқанын айтты.

Сканерлеу кезінде өзін-өзі оқшаулау режимін бұзушылардың көпшілігі қоғамдық тамақтану орындарында, сауда және ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде, базарларда, дүкендерде, әуежайларда және фитнес-орталықтарда кездеседі. Мысалы, ауру жұқтырған 3035 адам мейрамханалар мен кафелерге кіруге тырысқан, 2000-нан астам ауру адам сауда орталықтарына кіруге тырысса, карантинде отырған 400-ден астам адам әуежай ғимаратына кіргісі келді.

Санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметінше, 2021 жылдың 1 қаңтары мен 28 қыркүйегі аралығында 41 062 кәсіпкерлік объектілері тексеріліп, карантиндік шараларды бұзған 3929 нысан анықталды. 6132 хаттама жасалды, оның ішінде заңды тұлғаларға 236 млн. теңге сомасында 675 хаттама, жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін 24 045 теңгені құрайтын 5457 хаттама жасалды. Тұрақты карантин бұзушыларға қарсы 76 материал сотқа берілді, 44 объект сотпен тоқтатылды.

Әуежайда да талап қатал

Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағали Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында ковид індетінің жүкті әйелдерді де айнала-лып өтпегенін айтты.

21.40	Кирилл Кяро, Максим Дрозд, Анна Носатова, Филипп Котов в детективном сериале «КОНСУЛЬТАНТ. ЛИХИЕ ВРЕМЕНА». 1-я и 2-я серии.
23.45	«Основано на реальных событиях».
0.35	«Сегодня».
0.50	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ».
	«Разоблачение», «Пешка в серьёзной игре».
2.40	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ».
	«Свидетель», «Месть», «Чёрный король», «Кража».

СЕЙСЕНБІ
5 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	«Вызов». Прямая трансляция с Байконура
6.00	«Жить здорово!» (16+)
6.45	«Модный приговор» (6+)
7.35	«Время покажет» (16+)
9.00	Новости
9.25	«Вызов». Прямая трансляция с Байконура
12.00	Новости (с субтитрами)
12.15	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
20.15	«Александр Михайлов. Кино, любовь и голуби» (12+)
21.00	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
0.20	«Давай, поженимся!» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Наказание», «Скрытая угроза» (начало). «Сегодня».
10.00	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Скрытая угроза» (продолжение), «За и против», «Хаос vs порядок».
10.25	«Сегодня».
13.00	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Скрытая угроза» (продолжение), «За и против», «Хаос vs порядок».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Афганский след» (начало). «Сегодня».
19.00	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Афганский след» (продолжение).
19.45	Кирилл Кяро, Максим Дрозд, Анна Носатова, Филипп Котов в детективном сериале «КОНСУЛЬТАНТ. ЛИХИЕ ВРЕМЕНА». 3-я и 4-я серии.
21.40	«Основано на реальных событиях».
23.45	«Сегодня».
0.40	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ».
0.55	«Места хватит на всех», «Выстрел».
2.50	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ».
	«Свой», «Мороз», «Справедливость».
5.30	«Бывает же такое!»

СӘРСЕНБІ
6 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	К 75-летию актрисы. Премьера. «Две жизни Екатерины Градовой» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Гнилая рыба», «Ничего личного» (начало). «Сегодня».
10.00	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Ничего личного» (продолжение), «Дядя Петя», «Раскол».
10.25	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.30	«ДНК».
17.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Дед» (начало). «Сегодня».
18.40	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Дед» (продолжение).
19.00	Кирилл Кяро, Максим Дрозд,
19.45	
21.35	

23.40	Анна Носатова, Филипп Котов в детективном сериале «КОНСУЛЬТАНТ. ЛИХИЕ ВРЕМЕНА». 5-я и 6-я серии.
0.35	«Основано на реальных событиях».
0.50	«Сегодня».
1.10	«Поздняков».
	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ».
	«Особые полномочия», «Главный секрет».
3.05	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ».
	«Истина», «Стрелок», «Кино».
5.35	«Их нравы».

БЕЙСЕНБІ
7 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Инна Чурикова. «Я танцую с серьёзными намерениями» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Медвежья услуга», «Перемирие» (начало). «Сегодня».
10.00	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Перемирие» (продолжение), «Игра в кости», «Финишная черта».
10.25	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.30	«ДНК».
17.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Деревенский блюз» (начало). «Сегодня».
18.40	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Деревенский блюз» (продолжение).
23.45	Кирилл Кяро, Максим Дрозд, Анна Носатова, Филипп Котов в детективном сериале «КОНСУЛЬТАНТ. ЛИХИЕ ВРЕМЕНА». 7-я и 8-я серии.
0.40	«Основано на реальных событиях».
0.55	«Сегодня».
1.30	«ЧП. Расследование».
2.00	«Захар Прилепин. Уроки русского».
	Алексей Нилов, Сергей Губанов, Максим Дахненко, Олег Метелев в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ».
4.00	«Люблю мясо с кровью», «Предатель».
	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ».
5.30	«Ярость», «Хитрец».
	«Московские иностранцы».

ЖҰМА
8 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)

6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.35	Новости (с субтитрами)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	«Три аккорда» (16+)
20.05	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	Премьера. Документальный фильм «Я - Альфред Хичкок» (16+)
22.20	Сергей Никоненко, Алексей Гуськов в фильме «Классик» (16+)
0.05	Леонид Куравлёв, Сергей Газаров, Армен Джигарханян, Наталья Крачковская, Сергей Никоненко в фильме «Агенты КГБ тоже влюбляются» (16+)
1.30	«Наедине со всеми» (16+)
2.15	«Давай, поженимся!» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Открытая дверь», «Ангел смерти» (начало). «Сегодня».
10.00	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЕРТАЯ». «Ангел смерти» (продолжение), «Наша работа», «Не у дел».
10.25	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«ДНК».
16.30	«Жди меня».
17.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Мститель» (начало). «Сегодня».
18.35	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Мститель» (продолжение).
21.30	Кирилл Кяро, Максим Дрозд, Анна Носатова, Филипп Котов в детективном сериале «КОНСУЛЬТАНТ. ЛИХИЕ ВРЕМЕНА». 9-я серия, 10-я серия (заключительная).
23.35	«Своя правда» с Романом Бабаюном.
1.30	«Мы и наука. Наука и мы».
2.25	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2».
	«Капитаны», «Услуга», «Афера», «Притон».
5.50	«Ты не поверишь!»

СЕНБІ
9 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.30	К 90-летию писателя. Премьера. «Крым Юлиана Семенова» (16+)
8.30	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.15	«Видели видео?» (6+)
10.20	К 85-летию Леонида Куравлева. «Это я удачно зашел» (12+)
11.05	Леонид Куравлёв в фильме «На златом крыльце сидели...» (6+)
12.15	Премьера. Праздничный концерт ко Дню работника сельского хозяйства (12+)
13.40	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
15.00	«Ледниковый период». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
18.20	Закрытый показ. «Кто тебя победил никто». К юбилею Аллы Демидовой (16+)
21.30	«Познер». Гость Алла Демидова (16+)
22.25	Павел Прилучный, Станислав Дужников, Кристина Бродская, Екатерина Васильева в фильме «Рубеж» (16+)
0.05	«Наедине со всеми» (16+)
0.45	«Модный приговор» (6+)
1.35	«Давай, поженимся!» (16+)

НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Коллекция», «Проверка чувств».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминым».
10.00	«Сегодня».
10.20	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР». «Живая игрушка», «Няня с секретом».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«По следу монстра».
18.58	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
20.25	Премьера. «Шоумаскгоон».
23.00	«Ты не поверишь!»
0.00	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
0.45	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
2.05	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2».
	«Ужин», «Номер», «Угроза», «Метель».
5.35	«Эксклюзив».

ЖЕКСЕНБІ
10 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.50	Любовь Толкалина, Александр Лазарев в многосерийном фильме «Поздний срок» (16+)
3.00	Новости
3.10	«Поздний срок» (16+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.35	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
8.20	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.15	«Видели видео?» (6+)
10.40	К 95-летию Евгения Евстигнеева. «Я понял, что я вам еще нужен» (12+)
11.30	Евгений Евстигнеев в фильме «Верность» (12+)
12.55	«Пусть говорят».
	«Неизвестный Евстигнеев» (16+)
14.00	«Конь Юлий и большие скачки». Анимационный фильм (6+)
15.15	Праздничный концерт ко Дню учителя (12+)
16.35	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
19.00	Премьера. «Вызов. Первые в космосе» (12+)
19.55	«Что? Где? Когда?» Осенняя серия игр (16+)
20.55	Владимир Познер и Иван Ургант в проекте «Германская головоломка» (18+)
22.35	Андрей Смирнов, Галина Тюнина, Ольга Будина, Евгений Миронов в фильме «Дневник его жены» (16+)
0.25	«Наедине со всеми» (16+)
1.05	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!»
	Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.20	«Я художю».
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Кремлёвские похороны».
	«Андрей Жданов».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
18.05	«Новые русские сенсации».
19.00	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	Премьера. «Ты супер!»
23.00	«Секрет на миллион».
0.55	«Звёзды сошлись».
2.20	Яков Шамшин, Кирилл Полукин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2».
	«Подарок», «Спектакль», «Ревность», «Фанера».
5.45	«И снова здравствуйте!»



ДЕНСАУЛЫҚ



Жүрегің ауырмасын

2011 жылдан бері 29 қыркүйекте Дүниежүзілік жүрек күні аталып өтеді. Бұл күнді атап өтудің қажеттілігін кардиологтар мәлімдеген. Өйткені, әлемде жыл сайын жүрек-қан тамырлары ауруларынан 17 миллионнан астам адам қайтыс болады екен. Пандемия бұл ауруды тіпті өршітіп тұр.

Кеше Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында еліміздің үздік кардио-

логтарының қатысуымен Дүниежүзілік жүрек күніне арналған баспасөз конференциясы өтті. Дәрігерлер қазіргі заманғы жүрек-қан тамырлары хирургиясы, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институтында ойлап табылған және жүректің ишемиялық ауруын емдеуде жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін бірегей оталар туралы айтты. Ковидтің әсері жайында да тарқатты.

Роза ҚҰАНЫШБЕКОВА, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрайымы, медицина ғылымының докторы, профессор:

— COVID-19 пандемиясы кезінде жүрек-қан тамырлары аурулары мен инсульттан өлім-жітім көбейді. Коронавирус тромбозға бейімділікті тудырады және жүрек-қан тамырлары ауруларының өршуіне себеп болады. Артериялық гипертензия, аритмия, жүректің ишемиялық ауруы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, қант диабеті пайда болады. Пневмониядан болатын өлім-жітім 12%-ға өсті. Олар пневмонияның өзінен емес, оның асқынуынан қайтыс болуда. Сондықтан тәуекелдерді азайту үшін жүрек ауруы бар адамдарға коронавирус инфекциясына қарсы вакцина салдыру қажет. 2013 жылдан бері Қазақстанда ең көп таралған жүрек ауруларын қамтитын ауруларды басқару бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарламаға қатысушылар динамикалық негізде тіркелген созылмалы наукастар болып табылады. Науқастың өзі қызығушылық танытып, нәтиже үшін жұмыс істеуге дайын болуы маңызды. Дәрігер оған ауруы туралы толық ақпарат береді, денсаулығын сақтау және жақсарту үшін не істеу керектігін түсіндіреді. Пациенттер ұсыныстар алады, денсаулығын өз бетінше бақылауды үйренеді, дағдарыс жағдайында өзіне алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Наукастар үшін жеке іс-қимыл жоспары жасалады: дәрі-дәрмектерді қабылдау кестесі, физикалық белсенділік мөлшері, диета. Бүгінде осы бағдарламаға қатысатын артериялық гипертензиямен, созылмалы жүрек жеткіліксіздігімен және қант диабетімен ауыратын наукастардың 56%-ы қамтылған. Бағдарламаның артықшылығы — адамдардың ауруханаға түсу саны азаяды, наукастардың жедел жәрдем шақыруы да аз болды.

Құрманғазы МАДАЛИЕВ, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты басқарма төрайымының орынбасары, медицина ғылымының кандидаты:

— Коронавирусты жұқтырған барлық адамда жүрек пен қан тамырлары проблемалары болады деп айтуға келмес. Бұл орайда тәуекел тобындағы адамдар бірінші орында. Тәжірибе көрсеткендей, ишемиялық ауру, артериялық гипертензия сияқты созылмалы аурулары бар, эндокриндік жүйенің проблемалары бар адамдарда қант диабеті, артық салмақ, қарт адамдарда тромб түзілуінің жоғарылауы байқалады. Жүректің ишемиялық ауруы, тамырлардың атеросклеротикалық зақымдануы бар емделушілерде коронарлық тамырлардың микротромбозына байланысты қайталанатын инфаркт болуы мүмкін. Сондықтан созылмалы аурулары бар наукастарға аса сақ болу керек.

Жүректі нығайтатын ең жақсы «витамин» — белсенді демалыс, дұрыс тамақтану, ұйқы мен сергектік, тұрақты дене белсенділігі, яғни серуендеу, физиотерапиялық жаттығулар жасау, жүгіру.

Біздің институтта біз аорта стенозы мен кенеттен қайтыс болу қаупі жоғары наукастарға операция жасаймыз. Мүмкіндіктер мен жаңашыл көзқарастың арқасында біз пациенттердің өмірін сақтап, жақсарт аламыз. 2020 жылдың қаңтарынан бастап институттың күндізгі стационарында диагностикалық коронарография амбулаториялық жағдайда жүргізіледі. Біз жүректің күрделі аритмиясын катетермен емдеу саласында инновациялық технологияларды қолданамыз.

Рүстем ТӨЛЕУТАЕВ, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі:

— Ең жиі кездесетін әрі қауіпті жүрек ырғағының бұзылуы — жүрекше фибрилляциясы. Өткен жылдан бері ФЗИ клапан ауруымен немесе жүректің ишемиялық ауруымен бір мезгілде жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге арналған ашық жүректегі криоабляция операцияларын жүргізе бастады. Біз аорта қақпақшасын сақтай немесе ауыстыра отырып, аорта алмастыру операцияларын жасаймыз. Кардиохирургтар тобының тәжірибесі жүректің күрделі операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Сол жақ жүрекше қосалқысын кесу арқылы торакоскопиялық радиожиілік абляциясы, сонымен қатар, жүрекше фибрилляциясы бар және тромбоэмболиялық асқынулар мен инсульт қаупі жоғары емделушілерде окшауланған торакоскопиялық кесу жүргізіледі. Жүрек ісіктері кезінде операциялар стандартты түрде де, кеуде сүйегінің кесілуінсіз де жүргізіледі.

Ілеспе патологиясы бар наукастарда қиын жағдайларда, стандартты технологияларды қолдану жоғары тәуекелмен байланысты болған кезде, операциялар «жабық тізбекті» жасанды айналымның жаңа технологиясын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай операциялар тәуекелдерді азайтуға және операциядан кейін науқастың денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі №94 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2021 жылғы 28 қыркүйекте № 24546 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2021 жылғы 18 қыркүйектегі

№94

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеуінің тізілімінде №1656 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы»;

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін берілісін»;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп табылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы

С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі №94 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне қосымша

Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы тізбесі

р/с №	Аурудың атауы	Дәрілік заттардың, арнайы емдік өнімдердің, медициналық бұйымдардың атауы
----------	---------------	---

1. Тегін медициналық көмектің берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар

1)	Өкпе гипертензиясы	«Силденафил»
2)	Муковисцидоз	«Тобрамицин» (Тоби, Бранитоб) «Нутризи»
3)	Буллездік эпидермоллиз	«Судокрем» «Солкосерил» «Бепантен» «Офломелид офлоксацин» «Октенисепт»
4)	Вегенера Гранулематозы	«Ритуксимаб»
5)	Қысқа ішек синдромы	«Смофкабивен Орталық» «Солувит Н» «Витагинил Н» «Алдамель Н» Стеофуллин изотоникалық инфузияға арналған ерітінді «ТәуролокНер 100» «Тәуролок-Урокиназа 25.000»
6)	Бехчет ауруы, Анки лозды спондилоартрит	«Инflixксимаб»
7)	Фабри ауруы	«Алгасидаза бета»
8)	Ювенилалды артрит	«Тоцилизумаб» «Адалимумаб»
9)	Ревматоидты артрит, анкилозды спондилоартрит	«Этанерцепт»
10)	OVERLAP синдромы, ревматоидты артрит, жүйелі склеродерма және жүйелі қызыл жегі бар дернекер тінінің айкаспалы ауруы	«Бозентан» «Ривароксабан»
11)	Фибрилляция және атриалды дірлі	«Ривораксабан»
12)	Остеоартроз	«Эндопротез» (имплант)
13)	Жүйелі қызыл жегі	«Белимумаб»
14)	Созылмалы тромбоэмболиялық өкпе гипертензиясы	«Риоцигуат»
15)	Көп миелома	«Даратумумаб»
16)	Балалардың церебралды сал ауруы	«А типті ботулиндік токсин кешені-геомоглотенин» (диспорт)
17)	Перинаталдық кезеңде пайда болған бронхопульмональды дисплазия	«Паливизумаб»
18)	Жүйелік склеродерма	«Траклир» «Виагра»
19)	Дюшен бұлшықет дистрофиясы	«Этеплирсен» «Дефизакорт»
20)	Жұлын бұлшықетінің атрофиясы	«Нусинерсен»
21)	Жалпыланған остеопороз	«Терипаратид»
22)	Өкпе обыры	«Алектиниб»

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі №94 шешіміне 2-қосымша

Алматы қаласы мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Алматы қаласы мәслихатының «Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы» 2013 жылғы 28 тамыздағы №154 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1000 болып тіркелген) шешімі.

2. Алматы қаласы мәслихатының «Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы» 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №33 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1320 болып тіркелген) шешімі.

3. Алматы қаласы мәслихатының «Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы» 2016 жылғы 8 сәуірдегі №10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1276 болып тіркелген) шешімі.

4. Алматы қаласы мәслихатының «Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы» 2017 жылғы 24 мамырдағы №104 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1380 болып тіркелген) шешімі.

5. Алматы қаласы мәслихатының «Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы» 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №184 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1441 болып тіркелген) шешімі.

6. Алматы қаласы мәслихатының «Дәрілік заттарды,

бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қосымша беру туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы №234 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1487 болып тіркелген) шешімі.

7. Алматы қаласы мәслихатының «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №257 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1499 болып тіркелген) шешімі.

8. Алматы қаласы мәслихатының «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» 2019 жылғы 27 мамырдағы №357 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1568 болып тіркелген) шешімі.

9. Алматы қаласы мәслихатының «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» 2019 жылғы 29 шілдедегі №375 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1573 болып тіркелген) шешімі.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

**2021 жылға
«Almaty aqshamy»
газетіне
екі айға жазылу
жүріп жатыр**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен әрдайым
БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 2 айға – 1201 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 2 айға – 3241 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 2 айға – 881 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА бөріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

Алматы қаласы ҚДБ ШЖҚ «№20 қалалық емхана» КМК басшысының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№20 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі мына мекенжай бойынша орналасқан: Алматы қаласы, 050049, Түркісіб ауданы, «Жұлдыз» 1 ы/а., 5 В үй, анықтама телефоны 8 (727) 330-14-46, электрондық пошта: gorol_20@mail.ru, басшы (бас дәрігер) лауазымына орналасуға конкурс өткізеді.

Конкурсты өткізу мерзімдері: ресми бұқаралық ақпарат құралдарында немесе тиісті саланың уәкілетті органының интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн өткен соң өткізіледі.

Өтетін орны: ҚР, Алматы қаласы, 050049, Түркісіб ауданы, «Жұлдыз» 1 ы/а., 5 В үй.

Кәсіпорынның атауы: Алматы қ. ҚДБ ШЖ «№20 қалалық емхана» КМК.

Анықтама телефоны: 8 (727) 330-14-46.

Электрондық пошта: gorol_20@mail.ru

Негізгі қызметі – медициналық.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ –305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауының 1-параграфының 3-тармағында көрсетілген.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері: ресми бұқаралық ақпарат құралдарында немесе тиісті саланың уәкілетті органының Интернет-ресурстарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР ДСМ –58/2020 бұйрығының 2-тараудың 7-тармағында айтылған құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына, құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін электронды түрде ұсынуы тиіс.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей ұсынылады. Егер құжаттар ұсынылмаса, тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелері мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ, алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері, абыз ақсақалымыз
Берден Әбен ТҰРСЫНБАЙҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі
№3/351-884 қаулысы

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты
жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 7 маусымдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Электрмен жабдықтау нысаны үшін Зарема Даласвна Абасваның Алматы қаласының Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданы, 135 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, (кадастрлық нөмірі 20-317-106-316) жалпы ауданы – 5,4669 га жер учаскесінен, ауданы – 0,0085 га жер учаскесі бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-+кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесі бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

Көрші ел саудасы қызып тұр



Әсел
ДАҒЖАН

Қазір Қазақстанда шамамен 7,8 мың ресейлік компания жұмыс істеп жатыр. Ал Ресейден келетін импорт көлемі шамамен 9 миллиард долларға жеткен.

Еліміздегі Ресей кәсіпорындары мен өкілдіктерінің саны бір жыл ішінде 4%-дан асты. Компаниялардың көбісі сауда мен құрылыс саласына бейімделген.

Сонымен қатар, Ресей Қазақстанға тауар жеткізумен де айналысады. 2021 жылдың 7 айының есебінше, Ресейлік импорт көлемі 8,9 миллиард долларға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 19%-ға өскен.

Негізгі тауарлары – қара металдар, тамақ өнімдері, пластмасса бұйымдары, ағаш, автомобильдер, алтын, мұнай өнімдері және т.б.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сәт күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS2020KZ
kazinform

© «Қазақстан Республикасының Ақпарат агенттігі» 2021 жыл. kazinform.kz

АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?



АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР
АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН
ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕДІ

ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАУЫ МҮМКІН:

ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ЖӘНЕ
ИММУНДЫ БАСУ ТЕРАПИЯСЫН
ҚАБЫЛДАП ЖҮРГЕН ПАЦИЕНТТЕРДЕ

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРДЕ

АҒЗАСЫНДА ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР ПАЦИЕНТТЕРДЕ



СТАТИСТИКА БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН
АУРУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРҒАН
АДАМДАРДЫҢ 10%-ДА
АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛМЕЙДІ

CORONA
VIRUS2020KZ
kazinform

© «Қазақстан Республикасының Ақпарат агенттігі» 2021 жыл. kazinform.kz

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ
(30 қыркүйек–7 қазан)

ТОҚТЫ

(21 наурыз – 20 сәуір)

Жоспарыңыз ауқымды болса, басшылыққа жасқанбай жеткізіңіз. Бәлкім, көп жүктемені азайтып, тек сол бағытта жұмыс істеуіңізге мүмкіндік береді. Күш-қуатыңызды сарқып алмас үшін ұрыс-керіс, дау-жанжалға араласпаған жөн.

ТОРПАҚ

(21 сәуір – 21 мамыр)

Мақсатыңызға жетер жолда шыншыл болуды басшылыққа алыңыз. Қашан да әділ шешім шығаратыныызға сенімді болыңыз. Апта соңына қарай достарыңызға қоңырау шалып, хал-жағдайларын біліп қойсаңыз, артықтық етпес.

ЕГІЗДЕР

(22 мамыр – 21 маусым)

Кейінге ысыра тұрған шаруаңызды қолға алыңыз. Әр алуан күрделі сауалдар туындаса, сол саладан хабары бар әріптестеріңізге жүгінгеніңіз дұрыс. Ал қаржылық мәселелерді өмірлік серігіңізбен ақылдасып шешіңіз.

ШАЯН

(22 маусым – 22 шілде)

Шығармашылық шабытқа ие болып, жұмысқа деген құлшынысыңыз арта түседі. Таяу күндері жүзеге асырамын деген жоспарыңыздың біршамасын орындап үлгересіз. Демалыста дүкен аралап қайтсаңыз болады.

АРЫСТАН

(23 шілде – 23 тамыз)

Күз жақындап қалғанымен, үйдің күйбең жұмысы әлі қордаланып тұр. Бөлмелерге әлдеқандай өзгеріс енгіземін десеңіз, енді кіріссеңіз болады. Алайда, барлығын бір өзім тындырамын деп шаршап қалмаңыз.

БИКЕШ

(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Бейсенбі, жұма күндері екі оттың ортасында қалғандай боласыз. Оның бір себебі, біреуге берген уәдеңіз аяқасты орындалмай, үшінші тарапқа өтірікші ретінде көрініп, ыңғайсыз жағдайға тап боласыз. Сондықтан ашу-ренішке жол бермеуге ұмтылыңыз.

ТАРАЗЫ

(23 қыркүйек – 22 қазан)

Кәсіби сұрақтар қойылса, бұл жолы өзіңіз жауап бере біліңіз. Тәуекелшіл Таразылар үшін осындай сенімді қадамдар жасау ұтымды әрекет. Көңіліңіз ауған жанмен кездесуді жоспарласаңыз, қазір қолайсыз уақыт.

САРЫШАЯН

(23 қазан – 21 қараша)

Апта басында жұмыста да, үйіңізде де шаруа шаш-етектен болмақ. Басшылық берер тапсырмасын жиі өзгертіп, соған сәйкес қадам жасау қиындап кетеді. Отбасындағы кейбір ұрыс-керістер жүйке жүйеңізге әсер етуі де мүмкін.

МЕРГЕН

(22 қараша – 21 желтоқсан)

Қазіргі уақыт қаржыға қатысты кез келген мәселені шешуге қолайлы. Ұтымды пайдаланыңыз. Ақшаны сауатты пайдалану мен бойыңыздағы кәсіби шеберлік осыған бастамашы. Демалыс күндері саяжайға барып қайтсаңыз, құба-құп.

ТАУЕШКІ

(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Жұлдыздар апта басында кездескен ырың-жырың тірліктен ада болуға шақырады. Бейтараптық – талай келеңсіздіктен сақтайтын басты қаруыңыз. Өзіңізді барынша жақсы сезіну ісіңіздің ілгерілеуіне де себепші.

СУҚҰЙҒЫШ

(21 қаңтар – 19 ақпан)

Қолға алуға жүрексініп жүрген тапсырмаларды орындауға тас-түйін әзірсіз. Оған қоса, жаңадан таныстық орнатып, ықпалды әріптестер табуыңыз да жасаған қадамыңызды нықтай түсті. Ендігі меже – мәнсап баспалдағымен көтерілу.

БАЛЫҚТАР

(20 ақпан – 20 наурыз)

Уәдеге берік болу – Балықтардың өткір қаруларының бірі. Әсіресе, әр сөзін екшеп жеткізетін жұлдызнама иелері әділдікті әрдайым басшылыққа алады. Жуырда бауыр еті балаңыз жарқын жетістігімен қуантуы мүмкін.

Әзірлеген Ақтөлқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тәуелсіздік құрдасы

Мегаполисте 200-дей Тәуелсіздік құрдасы тұрады. Олар бүгінде сан салада, түрлі қызметте жүр.

Солардың бірі Ерболат Еркінұлы – Алматыдағы мектеп-лицейінің бірінде директордың орынбасары қызметінде. «Сапалы кадр болу – сатылап өсуді талап етеді», – дейді Тәуелсіз ел құрдасы. Ол өзі қызметін ауылдық жердегі мектепте мұғалім болып бастаған.

Тәуелсіздік құрдасы Құралай Ардакқызы да – ұстаз. Ол бүгінде қаладағы Ш.Смаханұлы атындағы №62 мектеп-гимназияда жұмыс істейді. Жуырда «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша баспаналы болыпты.

Сапалы интернетке
қол жеткіземіз

Жыл соңына дейін Елорда мен Алматы жоғары сапалы интернетпен толық қамтылады.

Қала орталығынан қашықта жатқан елдімекен тұрғындары да өркеніет қызығын көреді. «Қазақтелеком» ұлттық операторы бас қаланың цифрлық нұсқасын әзірлеу, 5G желісін құру сынды міндеттерді де мойнына алған. Компания бүгінде елде бесінші буындағы интернетті, яғни 5G жүйесін енгізуді бастап кетті.

Сейсмикалық карта
жаңарады

Еліміздегі ірі қалалардың сейсмикалық картасы жаңартылмақ. Ғылыми жоба негізінде 6 баллға дейін болатын жерасты дүмпулерін механикалық жолмен есептеу арқылы болжам жасалады.

Жер сілкінісі болатын аумақтар анықталады. Ол үшін құрылғылар қойылып, олар 30–40 метр тереңдікте болатын түрлі толқыннан хабар береді. Жер бедеріне тигізетін әсері арнайы зертханада есептеледі. Ғылыми жұмыстың нәтижесі құрылыс салуда негізге алынады. Қазір бұл салада «Еуро код-8» стандарты қолданылады. Бұл стандарт сейсмикалық талапқа тікелей қатысты. Ал Қазақстанның әр аумағындағы сейсмикалық белдеу әртүрлі.

«Тілі» қазақша
сөйлейді

«Тілі» телеарнасының бағдарламалары қазақ тіліне аударылмақ. Енді балақайлар сүйікті мультфильмдерін өз ана тілдерінде көре алады.

– Қазіргі ақпараттық ғасырда мультфильмдердің балаға әсері ерекше. Бұл бағытта елімізде үлкен жұмыстар атқарылуда. Осы саладағы жарқын жобалардың бірі балалар тұтынатын мемлекеттік тілдегі контентті ұлғайту мақсатында танымал балалар арналарының мультипликациясын қазақ тіліне аудару болып табылады, – деп атап өтті ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Балаева.

Қар барысы бар

«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын қар барысы мекендейтіні анықталды. Бір ай бұрын қойылған фотокамераға мысық тұқымдас аңның бір тобы түсіп қалған. Ғалымдардың пікірінше, бұл ерекше жағдай. Өйткені, осыған дейін барыстар теңіз деңгейінен 4000–5000 метр биіктікте ғана тіршілік етеді деген тұжырым болды. Фототұзақтың көмегімен олардың 1000–1200 метрге дейін түсетіні белгілі болды.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.